


Н.АБДУРАХМОНОВА, Л.УРИНБОЕВА

# МАТЕМАТИКА

Жалпы орта білім беретін мектептердің  
2-сыныбына арналған оқулық

*Өңделген және қайта толықтырылған  
төртінші басылымы*

*Өзбекстан Республикасы  
Халыққа білім беру министрлігі бекіткен*



ТАШКЕНТ  
«Yangiyo'l Poligraf Servis»  
2018

УДК 51(075.2)

КБК 22.1

А14 **Абдурахмонова, Набия**

Математика-2: Жалпы орта білім беретін мектептердің 2-сыныбына арналған оқулық / Н. Абдурахмонова, Л. Уринбоева; жауапты редактор М. Жумаев. — Ташкент: Yangiyo'l Poligraf Servis, 2018. — 208 с.

ISBN 978-9943-5243-9-2

УДК 51(075.2)

КБК 22.1ya71

Жауапты редактор:

**Маманазар Жумаев** — Низами атындағы ТМПУ профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Пікір жазғандар:

**Ш. Исмоилов** — ХББМ құзырындағы Мырза Ұлықбек атындағы МАФИПММЖБМ директоры, физика-математика пәндері кандидаты, доцент;

**З. Жуманова** — РБО Бастауыш білім беру бөлімі бастығы;

**З. Хусенова** — Ташкент қаласындағы Юнусабад ауданындағы 244-мектептің бастауыш сынып оқытушысы.

### Шартты белгілер:



— мультимедиялық қосымша



— ауызша орындалатын жаттығулар

**1, 2, 3 ...** — жазбаша орындалатын жаттығулар



— үлкен, кіші, тең белгілерін қою



— бос торкөздерге керекті сандарды немесе белгілерді қою



— ойлап тап!



— үйге тапсырма



— сабақтың аяқталуы

**Республикалық мақсатты кітап қоры қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-5243-9-2

© «Yangiyo'l Poligraf Servis» MChJ, 2012-2018.

© Н. Абдурахмонова, Л. Уринбоева, 2012-2018.



## 1-СЫНЫПТА ӨТКЕН МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАЙТАЛАУ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

### ҚОСЫНДЫ МЕН АЙЫРМАНЫ ТАБУҒА ТИІСТІ ЖАЙ АМАЛДАР



- 1) 10, 12, 14, 16, 18, 20 сандарынан бұрын келетін көрші сандарды ата;  
2) 11, 13, 15, 17, 19 сандарынан кейін келетін көрші сандарды ата.

2. Сурет негізінде есеп құрастыр және оны шеш:



6



?, 4 артық

3. Екінші сыныпта 32 оқушы бар. Олардың 12-сі қыз бала, ал қалғандары ер бала. Сыныпта неше ер бала бар?

4.  $20 + 20$  |  $80 - 40$  |  $50 + 10$  |  $60 + 40$   
 $40 - 10$  |  $30 + 20$  |  $70 - 20$  |  $90 - 50$



5. Барлық пішіндер бір сөзбен қалай аталады?

1)




2)



3)



4)



6. Таңертең дүкенге 29 литр сүт әкелінді. Түске дейін 20 литр сүт сатылды. Дүкенде неше литр сүт қалды?

7.

$37 - 7$

$20 + 8$

$40 + 9$

$16 - 6$

$58 - 50$


$30 + 10$

$94 - 90$

$62 - 40$



1.



2. Хайуанат бағына бірінші сыныптан 27 оқушы, ал екінші сыныптан одан 3 оқушы артық барды. Хайуанат бағына екінші сыныптан неше оқушы барған?

3. Үлгі бойынша орында:  $65 = 60 + 5$ .

$57 = 50 + \square$

$32 = 30 + \square$

$78 = 70 + \square$




$45 = 40 + \square$

$96 = 90 + \square$

$29 = 20 + \square$




4. Әрбір пішінде неше үшбұрыш бар?



5. Сурет негізінде есеп құрастыр және оны шеш:

Бар еді

Тағы сатып алынды



10

және



7



?



6. Сандардың қосындысын тап:

26 мен 4; 38 бен 2; 57 мен 3; 69 бен 1.

7.  $47 + 3$

$68 - 60$

$36 + 4$

$87 + 3$

$54 + 4$

$26 - 20$

$77 - 7$

$58 + 2$

## МӘНІ БІРДЕЙ БОЛҒАН АМАЛДАР

1. Кестеден жауабы бірдей болған амалдарды тап:

$60 + 40$	$90 - 50$	$50 + 46$	$57 - 22$
$70 - 30$	$63 + 23$	$90 - 20$	$42 + 28$
$20 + 15$	$30 + 24$	$76 + 24$	$90 - 36$

2. Ағаш шебері 38 тақтаны жону керек еді. Ол бір күнде 30 тақтаны жонғаны анықталды. Шебер тағы да неше тақтаны жону керек?

3. Амалдарды үлгі бойынша орында:

$$\textcircled{40} + \textcircled{6} = \textcircled{46}$$

$$\textcircled{59} - \textcircled{\quad} = \textcircled{50}$$

$$\textcircled{\quad} - \textcircled{7} = \textcircled{20}$$




$$\textcircled{60} + \textcircled{\quad} = \textcircled{63}$$

$$\textcircled{48} + \textcircled{2} = \textcircled{\quad}$$


$$\textcircled{\quad} - \textcircled{7} = \textcircled{30}$$



4. Суретте бейнеленген әрбір пішіннің атын айт. Әрбір пішіннің неше қабырғасы бар?



5. Сурет бойынша есеп құрастыр және оны шеш:

Бар еді	Сатылды	Қалды
 18 кг әнжір	10 кг әнжір	? кг



6. Үш санның қосындысы 96. Бірінші сан 42, екінші сан 24. Үшінші санды тап.

7.  $70 - 30$   
 $50 + 40$


$19 + 10$   
 $29 - 20$

$58 + 2$   
 $36 + 4$

$47 + 3$   
 $24 + 6$



1.



2. Кестеден жауабы бірдей амалдарды тап:

$47 - 22$	$20 + 20$	$44 + 15$	$60 + 40$
$83 + 17$	$38 - 30$	$68 - 43$	$58 - 50$
$90 - 50$	$67 + 3$	$37 + 22$	$38 + 32$

3. Өншілер байқауына 37 қыз және 22 ер бала қатысты. Өншілер байқауына жалпы неше бала қатысқан?

4. Бір орамда 18 м атлас бар еді. Одан 8 м атлас қырқып алынды. Орамда неше метр атлас қалды?

5. 70 пен 30-дың, 60 пен 20-ның қосындысын және айырмасын тап.

6. $37 + 12$	$67 + 22$	$57 - 32$	$25 + 14$
$37 - 12$	$67 - 22$	$57 + 32$	$25 - 14$
$28 + 11$	$46 + 13$	$76 - 22$	$36 + 13$



1. Қайсы тәсіл қолайлы?

$$96 - 44 = \square\square$$

$$6 - 4 = 2$$

$$90 - 40 = 50$$

$$50 + 2 = 52$$

$$96 - 44 = 52$$

$$96 - 44 = \square\square$$

$$96 - 40 = 56$$

$$56 - 4 = 52$$

$$96 - 44 = 52$$

2. Анар салынған жәшік 12 кг, жүзім салынғаны одан 2 кг жеңіл. Жүзім салынған жәшік неше килограмм?



12 кг



?, 2 кг-ға жеңіл

3.  $87 + 12$

$38 - 24$

$26 + 13$

$90 - 50$

$70 + 30$

$50 - 20$

$25 + 12$

$29 - 13$

$40 + 28$


$58 - 32$

$46 + 21$

$46 - 24$

?

4. Сандардың тізбектелуін дұрыс орында.



5. Сандардың айырмасын тап:

38 бен 30; 80 мен 50; 47 мен 22; 59 бен 36.





6. Берілген сандардан алдын және кейін келетін сандарды жаз:

□ 29 □

□ 60 □

□ 99 □

7.  $78 - 70$   
 $39 - 30$

$89 + 1$   
 $28 + 2$

$(54 - 34) + 20$   
 $(60 + 23) - 80$



## ҚОСУДЫ ТЕКСЕРУ



1.



$6 + 4 = 10$   
 $10 - 6 = 4$   
 $10 - 4 = 6$

Қосуды тексеру үшін қосындыдан қосылғыштардың біреуін азайту керек. Егер айырмада екінші қосылғыш шықса, жауабы дұрыс болады.

$48 + 2 = 50$

Тексеру:  $50 - 2 = 48$

2. Амалдарды шеш және нәтижесінің дұрыстығын тексер:

$34 + 12$   
 $26 + 13$

$41 + 27$   
 $27 + 11$

$62 + 3$   
 $57 + 3$

$56 + 22$   
 $44 + 32$

3. Есептерді шеш:

1) Жылыжайда 60 ақ және 40 қызыл раушангүл ашылған еді. Жылыжайда барлығы неше раушангүл ашылған?

2) Жылыжайда 100 раушангүл ашылған еді. Сатып алушы 60 раушангүлді сатып алды. Неше раушангүл қалды?



4.

Қосылғыш	60	32	24	50	26	14	57
Қосылғыш	40	8	13	5	32	6	32
Қосынды							



5. Сурет негізінде есеп құрастыр және оны шеш:



6. 60 пен 40, 50 мен 30, 40 пен 20-ның қосындысын және осы сандардың айырмасын тап.

7.  $47 + 3$       $60 + 30$       $36 + 4$       $54 + 6$   
 $58 - 8$       $39 - 30$       $27 - 7$       $63 - 3$



## АЗАЙТУДЫ ТЕКСЕРУ



1.



$$16 - 4 = 12$$

$$12 + 4 = 16$$

Азайтуды тексеру үшін айырмаға азайтқышты қосу керек. Егер қосындыда азайғыш шықса, онда жауабы дұрыс болады.

$$67 - 6 = 61$$

$$\text{Тексеру: } 61 + 6 = 67$$

2. Амалдарды шеш және нәтиженің дұрыстығын тексер:

$58 - 25$       $35 - 4$       $88 - 7$       $75 - 3$

3. Есептерді шеш:

1) Бір орамда 90 м мата бар еді. Көйлек тігу үшін 50 м мата қырқып алынды. Орамда неше метр мата қалды?

2) Бір орамнан 50 метр мата қырқып алынғаннан кейін 40 м мата қалды. Алғашында орамда неше метр мата болған?



4.

Азайғыш	90	80	38	57	96	70	49
Азайтқыш	50	30	30	32	44	10	24
Айырма							



5. Бір бағанға қосу амалымен, екінші бағанға азайту амалымен берілген өрнектерді жаз. Олардың мәнін тап.

$50 + 30$ ,  $90 - 40$ ,  $57 + 3$ ,  $28 - 20$ ,  $57 + 12$ ,  $76 - 34$ .

6.  $66 - 44$  |  $96 - 36$  |  $58 + 22$  |  $74 + 23$   
 $55 + 20$  |  $87 - 47$  |  $57 - 32$  |  $74 - 23$





## ТІК БҰРЫШ.




### ТІК БҰРЫШ БОЛМАҒАН БҰРЫШ



1. Тік бұрыштар.



Тік бұрыштан үлкен және кіші бұрыштар.



Бір бұрышы тік бұрыш, қалған екі бұрышы тік бұрыш болмаған үшбұрыш пішініндегі сызғыш үшбұрышты сызғыш деп аталады.

Үшбұрышты сызғыштың көмегімен көпбұрыштардағы тік бұрыштарды анықта.

1)



2)




3)



4)




2. Сурет негізінде есеп құрастыр және оны шеш:



16 кг

Тұздалды - 20 кг

және



14 кг

Қалды - ? кг

3. Амалдарды түсіндіріп шеш.

$$\textcircled{70} + \textcircled{\quad} = \textcircled{76}$$

$$\textcircled{59} - \textcircled{\quad} = \textcircled{59}$$

$$\textcircled{\quad} - \textcircled{5} = \textcircled{40}$$


$$\textcircled{\quad} + \textcircled{4} = \textcircled{24}$$

$$\textcircled{\quad} + \textcircled{8} = \textcircled{38}$$


$$\textcircled{62} - \textcircled{\quad} = \textcircled{60}$$

4. Үшбұрышты сызғыштың көмегімен бұрыштардың түрлерін анықта.

1)




2)




3)



4)




5)



- 1) тік бұрыштан кіші бұрыштардың рет санын жаз;
- 2) тік бұрыштан үлкен бұрыштардың рет санын жаз.

5. Дәптеріңе мынадай тік бұрыштарды сыз:



6. Асханаға 18 шайнек, 20 пиала әкелінді. Асханаға барлығы неше ыдыс әкелінген?

7.  $40+25$        $52-30$        $57+32$        $80-50$   
 $68-60$        $30+12$        $96-44$        $50+30$




## КӨПБҰРЫШТЫҢ ПЕРИМЕТРІ



1. Бұл төртбұрыштардың барлық бұрыштары тік бұрыш:



Көпбұрыштардың барлық қабырғаларының ұзындығының қосындысы оның периметрі. Төрт бұрыштың периметрін тап:



$$8+3+6+2=19 \text{ (cm)}$$



2.  $46 + 20$        $74 - 30$        $67 + 10$        $59 - 50$   
 $50 + 35$        $60 + 20$        $57 - 32$        $36 - 24$

3. Қысқа жазу бойынша есеп құрастыр және оны шеш:

1-себетте — 8 кг  
 2-себетте — 10 кг    )? кг



4. Әрбір пішіннің периметрін тап:



5.  $90 - 50 \square 40$        $60 + 40 \square 50$        $57 + 3 \square 70$   
 $38 + 20 \square 70$        $48 + 20 \square 30$        $53 + 7 \square 60$



6. Бір орамда 48 м, екінші орамда одан 8 м кем жібек мата бар. Екі орамда неше метр жібек мата бар?

7.  $43 + 30$        $64 - 20$        $57 + 3$        $28 - 8$   
 $43 - 30$        $64 + 20$        $57 - 7$        $20 + 8$



1.

+  = 100									
	60		57		50		75		83
		30		26		48		68	


2. Теңдіктер дұрыс болатындай етіп сан қой:

$70 + \square = 76$        $44 - \square = 40$        $30 + \square = 39$   
 $28 - \square = 20$        $90 + \square = 90$        $67 - \square = 60$

3. 4, 5, 9 сандарының көмегімен 9 екі таңбалы санды жазуға болады: 44, 45, 49, 54, 55, 59, 94, 95, 99.


3, 7, 8 сандарының көмегімен пайда болатын барлық екі таңбалы сандарды жаз.

4. 1) Дәптеріңе төмендегі сынық сызықты сыз:



2) сынық сызықта неше буын бар екенін анықта;  
3) барлық буын ұзындықтарының қосындысын тап.

5. Сурет негізінде есеп құрастыр және оны шеш:



6. Трактордың багында жұмыс басталғанда 48 литр жанармай бар еді, жұмыстың соңында 8 литр жанармай қалды. Неше литр жанармай жұмсалған?

7.  $(40 + 10) + 6$                        $(16 + 14) + 7$                        $83 + 10$   
 $(30 - 20) + 9$                        $(70 - 30) + 5$                        $25 + 25$   
 $(20 + 20) + 5$                        $(50 - 30) + 4$                        $67 + 20$



$$45 + 23 = 68$$

$$64 + 26 = 90$$

$$57 - 26 = 31$$

$$52 - 24 = 28$$




## САНДАР МЕН ЕСЕПТЕУЛЕР. 100 ІШІНДЕ ОНДЫҚТАН ӨТІП ҚОСУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ

### САНДАР ӨСІ МЕН ОНЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ




1. Әрбір санның атын және өз орнын айт. Әрбір бөлік аралығы неге тең?



2. Бір бағанға сандардың қосындысын, екінші бағанға сандардың айырмасын жаз. Бұл сандық өрнектердің мәнін тап:


$$58 - 40 \quad | \quad 57 + 3 \quad | \quad 78 - 6 \quad | \quad 40 + 14 \quad | \quad 70 + 23 \quad | \quad 20 - 3$$

3. Схема бойынша есеп құрастыр. Есепті амалдар бойынша орында.





4. Бос торкөздердің ішіне 1-ден 5-ке дейінгі сандарды орналастырғанда, әрбір қатар мен баған бойынша бұл сандар бір реттен қатыссын.



5.  $75 \text{ дм} - 25 \text{ дм}$                        $55 \text{ см} + 35 \text{ см}$   
 $45 \text{ см} + 35 \text{ см}$                        $52 \text{ дм} - 24 \text{ дм}$




6. Мектеп спорт жарысы үшін 49 спорт киімі сатып алынды. Оның 20-сы бастауыш сынып оқушылары үшін ажыратылды. Жоғары сынып оқушылары үшін қанша спорт киімі қалды?

7.  $37 + 2$                $78 - 4$                $26 + 4$                $60 - 3$   
 $37 + 20$                $78 - 40$                $26 + 40$                $60 - 30$



1. Жауабы 100 шығуы үшін қай жақтан жүру керек? Есептеуді дұрыс орында.



2. Дүкенде күн бойы 24 балалар велосипеді және одан 10 ересектер велосипеді аз сатылды. Ересектер велосипеді балалар велосипедіне қарағанда

нешеу аз сатылды? Балалар велосипеді ересектер велосипедіне қарағанда нешеуге көп сатылған?

3.  $16 + 4$  |  $17 + 12$  |  $48 - 15$  |  $47 + 3$   
 $28 + 2$  |  $29 - 13$  |  $25 + 14$  |  $26 - 6$

4. Сұрақ белгісі қойылған нүктелерге тиісті сандарды қой:






5. Түстерге қарап амалдардың жауабын тап:

$25 + 6$	$96 - 6$	$42 + 9$	$18 - 9$
$67 + 8$	$84 + 7$	$68 - 8$	$59 + 6$
$59 - 9$	$38 + 5$	$39 + 4$	$16 - 8$



6. Әрбір пішінде неше үшбұрыш бар?



7. Үй құрылысында 37 кірпіш теруші, олардан 7 кісі кем сырлаушы жұмыс істеді. Үй құрылысында барлығы неше жұмысшы істеген?



8.  $47 + 23 \square 80 - 30$  |  $57 - 26 \square 42 - 15$   
 $32 - 12 \square 50 + 20$  |  $64 + 25 \square 75 + 24$   
 $45 + 14 \square 50 - 20$  |  $34 + 25 \square 57 + 13$




# 100 ІШІНДЕ САНДАРДЫ ТАҢБАДАН ӨТІП ҚОСУ ТӘСІЛДЕРІ



1.

$$38 + 5 = \square\square$$

5 санын қалай қосқаныңды суреттен пайдаланып түсіндір:



$$38 + 5 = \square\square$$



$$38 + 5 = 38 + 2 + 3 = (38 + 2) + 3 = 40 + 3 = 43$$

2. Амалдарды түсіндіріп шеш:

$$57 + 8 = 57 + 3 + 5 = (57 + 3) + 5 = 60 + 5 = 65$$



$$29 + 4 = \begin{array}{l} 3 \quad 5 \\ 1 \quad 3 \end{array}$$

$$64 + 7 = \begin{array}{l} 6 \quad 1 \end{array}$$

$$48 + 9 = \begin{array}{l} 2 \quad 7 \end{array}$$

$$35 + 6 = \begin{array}{l} 5 \quad 1 \end{array}$$

3. Мектеп бағында 38 түп алма ағашы бар еді. Тағы 4 түп анар мен 5 түп алша көшеттері егілді. Мектеп бағында барлығы неше мәуелі көшет егілген?

4. Үлгі бойынша орында:  $26 = 20 + 6$ .

$$54 = 50 + \square$$

$$65 = \square\square + \square$$

$$89 = \square\square + \square$$

$$78 = 70 + \square$$

$$29 = \square\square + \square$$

$$37 = \square\square + \square$$

5. Қысқа жазу бойынша есеп құрастыр және оны шеш:

Бар еді — 39 үстел

Алып келді — 4 үстел

) ? үстел

6.	$45 + 7$		$34 + 7$		$57 + 5$		$16 + 7$
	$29 + 9$		$59 + 6$		$86 + 5$		$65 + 8$





1. Амалдарды түсіндіріп шеш:

$$29+6=\underline{29+1}+5=(29+1)+5=30+5=35$$



$46+4=\square\square$

$58+2=\square\square$

$67+3=\square\square$

$46+7=\square\square$

$58+7=\square\square$

$67+5=\square\square$



2. Дүкенге 59 екі және үш дөңгелекті велосипед алып келінді. Үш дөңгелекті велосипед 29 болса, неше екі дөңгелекті велосипед алып келінген?

3. Амалдардың белгілерін теңдіктер дұрыс болатындай етіп қой:

$30\square7=37$

$53\square3=50$

$70\square9=79$

$20\square6=26$

$47\square7=40$

$96\square6=90$

$80\square8=88$

$60\square1=61$

$85\square5=80$

4. Екі кесінді сыз: Бірінің ұзындығы 8 см, екіншісі одан 3 см ұзын болсын. Екінші кесіндінің ұзындығы қанша?

$40 \text{ см} + 20 \text{ см}$

$50 \text{ дм} - 10 \text{ дм}$

$20 \text{ дм} + 20 \text{ дм}$

$70 \text{ см} - 30 \text{ см}$



6. Жылыжайда 39 раушангүл ашылған еді. Кешке тағы да 6 раушангүл ашылды. Жылыжайда барлығы неше раушангүл ашылған?

$35+7$

$28+7$

$45+0$

$75-5$

$38+5$

$69+3$

$54-0$

$29+6$





1. Амалдардың шешімін түсіндір:

$$37 + 48 = \square\square$$

$$37 + 53 = \square\square$$

$$37 + 48 = \square\square$$

$$37 + 53 = \square\square$$

$$\begin{array}{r} \swarrow \quad \swarrow \\ 30 \ 7 \quad 40 \ 8 \end{array}$$

$$\begin{array}{r} \swarrow \quad \swarrow \\ 30 \ 7 \quad 50 \ 3 \end{array}$$

$$30 + 40 = 70$$

$$30 + 50 = 80$$

$$7 + 8 = 15$$

$$7 + 3 = 10$$

$$70 + 15 = 85$$

$$80 + 10 = 90$$

немесе

$$37 + 48 = (30 + 7) + (40 + 8) = (30 + 40) + (7 + 8) = 70 + 15 = 85$$

Екі таңбалы санды екі таңбалы санға қосқанда ондықтар ондыққа, бірліктер бірлікке қосылады.

2. Жоғары сынып оқушылары 27 әңгіме және 38 өлең кітаптарды жөндейді. Оқушылар барлығы болып неше кітап жөндеген?



3. Сандарды таңба бірліктерінің қосындысы түрінде өрнекте.

$$37 = 30 + 7$$

$$87 = 80 + \square$$

$$15 = 10 + \square$$






$$48 = 40 + \square$$

$$13 = 10 + \square$$

$$38 = 30 + \square$$



4. Берілген пішіндердің арасынан тік төртбұрыштарды тап және олардың цифрларын айт.



5. Қысқа жазу бойынша есеп құрастыр және оны шеш:

1-бидонда — 17 л май  
 2-бидонда — 28 л май ) ? литр май



6. Ойыншық жасайтын шеберхана жұмысшылары бір аптада 37 қуыршақ, 53 қонжық жасады. Шеберхана жұмысшылары бір аптада барлығы неше ойыншық жасаған?

7.  $27 + 18$  |  $42 - 5$  |  $32 + 16$  |  $27 + 33$   
 $45 - 23$  |  $38 + 5$  |  $43 + 20$  |  $47 + 28$



## ЖАЙ ЖӘНЕ ҚҰРАМДЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

1. Асханаға 57 үлкен, 43 кішкентай шайнек алып келінді. Асханаға барлығы неше шайнек алып келінген?



2. Амалдың шешілуін түсіндір:

$$87 + 13 = \square \square \square$$

$$80 + 10 = 90$$

$$7 + 3 = 10$$

$$90 + 10 = 100 \quad \text{немесе}$$

$$87 + 13 = (80 + 10) + (7 + 3) = 90 + 10 = 100$$

$$\begin{array}{c} \diagdown \quad \diagup \\ 80 \quad 7 \quad 10 \quad 3 \end{array}$$


3.  $76 + 24$  |  $57 - 26$  |  $67 + 33$  |  $63 - 24$   
 $52 + 48$  |  $45 + 23$  |  $78 + 22$  |  $53 + 37$



4. Қысқа жазу бойынша есеп құрастыр және оны шеш:




Бидай — 47 қап  
 Арпа — 43 қап ) ? қап дән

5. Амалдарды үлгі негізінде шеш:



Үлгі:  $76 + 24 = 100$ .

6. Қандай пішіндерді көріп тұрсың? Дәптеріңе сыз және оны боя.



7. Салыстыр:

$37+63 \square 99$

$47+28 \square 90$

$17+43 \square 60$

$83+17 \square 100$

$67+13 \square 87$

$26+14 \square 37$

8. Шеберхана үшін 24 сүргі, 26 қол ара сатып алынды. Шеберхана үшін барлығы болып неше жұмыс құралдары сатып алынды?




1. Кітапханада 18 «Билимдон» журналы бар еді. Кітапханашы бірнеше журналды оқушыларға оқуға бергеннен кейін 8 журнал қалды. Кітапханашы оқушыларға неше журнал берген?
2. Кесте негізінде берілген амалдарды шеш.

$38 + 5$	$87 + 13$	$57 + 8$	$17 + 6$
$37 + 48$	$67 + 33$	$48 + 9$	$28 + 5$
$76 + 24$	$53 + 22$	$29 + 4$	$37 + 8$



3. Теңдіктер дұрыс болатындай етіп сандарды қой:  
 $57 + \square = 65$       $64 + \square = 71$       $46 + \square = 53$   
 $35 + \square = 41$       $29 + \square = 33$       $28 + \square = 35$
4. Бірінші пішіндегі 3 шыбықтың орнын өзгертенде 4 квадрат пайда болсын. Екінші пішіндегі 3 шыбықты өзгертенде 4 квадрат пайда болсын.



5. Нафиса 28 жаста. Ағасы одан 6 жас үлкен. Ағасы неше жаста?



6. 64, 27, 68, 74 сандарын үлгіде көрсетілгендей қосындымен алмастыр:  $57 = 50 + 7$ .

7.  $67 + 3$       $47 + 5$       $45 - 5$       $17 + 6$   
 $46 + 7$       $35 + 8$       $54 - 4$       $24 + 7$







1. Кесте негізінде есептерді құрастыр және оны шеш:


Қосылғыш	67	57	38	37	87	37	43
Қосылғыш	3	32	5	48	13	53	27
Қосынды							

2. «Neksiya» автомобилінің багына 42 литр, «Spark» автомобилінің багына одан 5 литр кем бензин құйылды. «Spark» автомобилінің багына неше литр бензин құйылған?

3.  $75 \text{ см} + 25 \text{ см}$  |  $64 \text{ дм} + 26 \text{ дм}$   
 $90 \text{ дм} - 53 \text{ дм}$  |  $90 \text{ см} - 37 \text{ см}$



4. Бұл сызықтардың қайсысын сынық сызық деп айтуға болады?



5.  $29 + 6$  |  $74 - 9$  |  $28 + 7$  |  $63 - 7$   
 $42 - 6$  |  $54 + 7$  |  $67 - 8$  |  $14 + 8$



6. Бір бөлік халва 17 кг, екінші бөлік одан 8 кг кем. Екінші бөлік халва неше килограмм?

7.  $58 - 4$  |  $47 + 2$  |  $60 - 3$  |  $36 + 4$   
 $58 - 40$  |  $47 + 20$  |  $60 - 30$  |  $36 + 40$



## ЕКІ ТАҢБАЛЫ САҢДАРДЫҢ ОНДЫҚ ҚҰРАМЫ. САҢДАРДЫ ҚОСУДЫҢ БАҒАН ТӘСІЛІ




1. Есептің шешілуін түсіндір:  $45 + 23 = \square\square$

Онд.	Бірл.
4	5
+	2
2	3
6	8

$$45 + 23 = (40 + 20) + (5 + 3) = 60 + 8 = 68$$

Есеп баған түрінде жазып, шешіледі.

1. Ондықтар ондықтардың астына, бірліктер бірліктердің астына жазылады.
2. Алдымен бірліктер бірліктерге қосылады.  
 $5 \text{ бірл.} + 3 \text{ бірл.} = 8 \text{ бірл.}$   
8 бірліктердің астына жазылады.
3. Соң ондықтар ондықтарға қосылады.  
 $4 \text{ онд.} + 2 \text{ онд.} = 6 \text{ онд.}$   
6 ондықтардың астына жазылады.
4. Жауабы: 45 пен 23-тің қосындысы 68-ге тең.



2. Амалдарды түсіндіріп шеш:

$$\begin{array}{r} 55 \\ + 14 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 45 \\ + 23 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 62 \\ + 27 \\ \hline \end{array}$$




$$\begin{array}{r} 73 \\ + 25 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 53 \\ + 42 \\ \hline \end{array}$$

3. Жас табиғаттанушылар жылыжайда бір түптен 35 дана, екінші түптен 13 дана лимон жинады. Жас табиғаттанушылар екі түптен неше дана лимон жинады?



4. Әрбір пішінде нешеуден үшбұрыш бар?



5. Қысқа жазу негізінде есеп құрастыр және оны шеш:

$$\begin{array}{l} 1\text{-орамда} \text{ --- } 25 \text{ м} \\ 2\text{-орамда} \text{ --- } 15 \text{ м} \\ 3\text{-орамда} \text{ --- } ? \text{ м} \end{array} \quad \left. \vphantom{\begin{array}{l} 1\text{-орамда} \\ 2\text{-орамда} \\ 3\text{-орамда} \end{array}} \right\} 48 \text{ метр арқан}$$



6. Түсіп қалдырылған тақ сандарды жаз:  
19, 21, ..., ..., 27, ..., 31.

7.

$$\begin{array}{r} + 43 \\ + 16 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} + 32 \\ + 27 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} + 54 \\ + 33 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} + 67 \\ + 12 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} + 82 \\ + 13 \\ \hline \end{array}$$



1. Амалдың шешілуін түсіндір:  $29 + 32 = \square\square$

Онд.	Бірл.
2	9
+	3
3	2
6	1

$$29 + 32 = (20 + 30) + (9 + 2) = 50 + 11 = 61$$

Амал баған түрінде жазылып, шешіледі.

1. Ондықтар ондықтардың астына, бірліктер бірліктердің астына жазылады.

2. Бірліктер бірліктерге қосылады.

$$9 \text{ бірл.} + 2 \text{ бірл.} = 11 \text{ бірл.}$$

$$11 \text{ бірл.} \text{ --- бұл } 1 \text{ онд. және } 1 \text{ бірл.}$$

Бірліктердің астына 1-ді жазып, 1 ондықты ондықтарға қосып жазу үшін есте сақталады.

3. Ондықтар ондықтарға қосылады.

$$2 \text{ онд.} + 3 \text{ онд.} = 5 \text{ онд.}$$

$$5 \text{ онд.} + 1 \text{ онд.} = 6 \text{ онд.}$$

Ондықтардың астына 6 жазылады.

4. Жауабы: 29 бен 32-нің қосындысы 61-ге тең.

				2	9
				+	3
				3	2
				6	1

2. Амалды түсіндіріп шеш:


$$\begin{array}{r} + 74 \\ + 19 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} + 69 \\ + 23 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} + 87 \\ + 13 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} + 59 \\ + 17 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} + 42 \\ + 23 \\ \hline \end{array}$$

27


3. Мектептегі музыка үйірмесіне 53 шақты, сурет өнері үйірмесіне 37 шақты оқушы қатысуда. Екі үйірмеге барлығы неше оқушы қатысуда?



4. Бірінші кесінді екінші кесіндіден неше сантиметр қысқа? Үшінші кесінді екінші кесіндіден неше сантиметр ұзын?



5. Кесте негізінде есеп құрастыр және оны шеш:

Сатып алынды	Жұмсалды	Қалды
 ? кг пияз	таңертең — 26 кг кешке — 22 кг	20 кг

Шешуі: 1)  $26 + 22 = 48$     2)  $48 + 20 = 68$ .



6. Бір үйде 29 кг орамжапырақ, одан 9 кг кем қияр, қиярдан 12 кг артық қызанақ тұздалды. Неше килограмм қызанақ тұздалған?

7. Амалдарды шеш:

$$\begin{array}{r} 59 \\ + 12 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 28 \\ + 23 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 55 \\ + 38 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 47 \\ + 34 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 49 \\ + 32 \\ \hline \end{array}$$





1. Амалдың шешілуін түсіндір:  $64 + 26 = \square\square$

Онд.	Бірл.
6	4
+	2 6
9	0

$$64 + 26 = (60 + 20) + (4 + 6) = 80 + 10 = 90$$

Амал баған түрінде жазылып, шешіледі.

1. Ондықтар ондықтардың астына, бірліктер бірліктердің астына жазылады.

2. Бірліктер бірліктерге қосылады.

$$4 \text{ бірл.} + 6 \text{ бірл.} = 10 \text{ бірл.}$$

Бірліктердің астына 0-ді жазып, 1 ондықты ондықтарға қосып жазу үшін есте сақталады.

3. Ондық ондыққа қосылады.

$$6 \text{ онд.} + 2 \text{ онд.} = 8 \text{ онд.}$$

$$8 \text{ онд.} + 1 \text{ онд.} = 9 \text{ онд.}$$

Ондықтардың астына 9 жазылады.

4. Жауабы: 64 пен 26-ның қосындысы 90-ға тең.

			6	4	
			+	2	6
				9	0

2. Амалдырды түсіндіріп шеш:

$$\begin{array}{r} 77 \\ + 13 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 54 \\ + 36 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 47 \\ + 16 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 74 \\ + 16 \\ \hline \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 68 \\ + 27 \\ \hline \end{array}$$

3. Бір айда тауықтарға 34 кг, қаздарға 26 кг дән беріледі. Бір айда барлығы қанша дән жұмсалған?



4. Амалдарды шеш:

$$64 + \square\square$$

$$26 + \square\square$$

90

$$58 + \square\square$$

$$77 + \square\square$$

29

$$87 + \square\square$$




$$46 + \square\square$$

100

$$59 + \square\square$$

$$75 + \square\square$$

5. Пішіндердің аттарын жаз.



6. Жыл бойында бір ауылда 29, екінші ауылда 22 жаңа үйлер құрылды. Екі ауылда бір жылда барлығы болып қанша жаңа үй құрылған?

7. Амалдарды баған түрінде жаз және амалдарды орында:

$72 + 21$

$90 - 58$

$53 + 37$

$46 + 24$

$69 - 27$

$56 + 34$

$48 - 16$

$87 - 66$



1. Амалдың шешілуін түсіндір:  $75 + 15 = \square\square$

Онд.	Бірл.
7	5
+	5
1	5
<hr/>	
9	0

$$75 + 15 = (70 + 10) + (5 + 5) = 80 + 10 = 90$$

Амал баған түрінде жазылып, шешіледі.

1. Ондықтар ондықтардың астына, бірліктер бірліктердің астына жазылады.

2. Бірліктер бірліктерге қосылады.

$5 \text{ бірл.} + 5 \text{ бірл.} = 10 \text{ бірл.}$

10 бірл. — бұл 1 онд. және 0 бірл.

Бірліктердің астына 0-ді жазып, 1 ондықты ондықтарға қосып жазылуы есте сақталады.

3. Ондық ондыққа қосылады.

$7 \text{ онд.} + 1 \text{ онд.} = 8 \text{ онд.}$

$8 \text{ онд.} + 1 \text{ онд.} = 9 \text{ онд.}$

Ондықтардың астына 9 жазылады.

		7	5
		+	15
		<hr/>	
		9	0

4. Жауабы: 75 пен 15-тің қосындысы 90-ға тең.

$$\begin{array}{r} 2. \quad 65 \\ + 25 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 50 \\ + 40 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 45 \\ + 45 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 84 \\ + 12 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 55 \\ + 35 \\ \hline \end{array}$$

3. Үш буыннан құралған сынық сызық сыз: Бірінші буынның ұзындығы 3 см, екіншісі 2 см, үшіншісі 4 см болсын. Бірінші буын екінші буыннан неше сантиметр ұзын, екінші буын үшінші буыннан неше сантиметр қысқа?



4. Амалдардың белгілерін теңдіктер дұрыс болатындай етіп қой:

$32 \square 29 = 61$

$45 \square 23 = 68$



$87 \square 13 = 100$

$57 \square 26 = 31$

$42 \square 12 = 27$

$37 \square 53 = 90$

5. Кесте негізінде есеп құрастыр және оны шеш:

Бар еді	Келтірілді	Болды
 20 литр бензин	 Тағы 20 литр бензин	? литр

6. Амалдарды үлгі бойынша орында:  $35 = 30 + 5$

$42 = \square + \square$

$68 = \square + \square$

$47 = \square + \square$

$56 = \square + \square$

$24 = \square + \square$

$59 = \square + \square$

7. Жиһаз дүкеніне 25 үстел, 15 шкаф әкелді. Дүкенге барлығы қанша жиһаз әкелген?



$$8. \quad \begin{array}{r} 58 \\ + 32 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 69 \\ + 29 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 67 \\ + 23 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 60 \\ + 40 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 47 \\ + 43 \\ \hline \end{array}$$




## ҮЛГІ БОЙЫНША ТІЗБЕКТІЛІКТІ ЖАЛҒАСТЫРУ

1. Амалдарды үлгі бойынша орында:


$$100 - 37 = (100 - 30) - 7 = 70 - 7 = 63$$

$\begin{array}{c} \swarrow \quad \searrow \\ 30 \quad 7 \end{array}$	$100 - 57$	$100 - 62$	$100 - 46$	$100 - 87$
	$100 - 28$	$100 - 26$	$100 - 64$	$100 - 78$

2. Наубайханада 100 дана пәтір нан және күлше нан жабылды. Олардың 78-і пәтір нан. Наубайханада қанша күлше нан жабылған?
3. Амалдарды түсіндіріп шеш:



4. Әрбір пішіннің нешеден қабырғасы және бұрыштары бар?



5. Дүкенге сату үшін 37 жұп аяқкиім әкелінді. Бір күнде 15 жұп аяқкиім сатылды. Дүкенде тағы қанша жұп аяқкиім қалды?

6.  $42 + 8 + 9$  |  $90 - 50$  |  $100 - 27$  |  $100 - 24$   
 $76 + 4 + 3$  |  $57 + 32$  |  $100 - 39$  |  $100 - 56$







1. Амалдарды үлгі бойынша орында:  $22 = 11 + 11$

$44 = 22 + \square\square$        $64 = 32 + \square\square$        $88 = 44 + \square\square$

$48 = 24 + \square\square$        $66 = 33 + \square\square$        $90 = 45 + \square\square$

2. Диірменге бір күнде 23 қап бидай және сонша қап жүгері әкелінді. Диірменге барлығы неше қап дән келтірілді?



3. Сөзжұмбақты шешсең сүйікті өлкеміздің атын біліп аласың.

$48-32$  **Е**     $90-40$  **Е**     $42+27$  **Т**     $54+33$  **Ө**     $87+13$  **Н**



$75-23$  **К**     $28+31$  **С**     $53+42$  **Б**     $88-27$  **А**     $56+42$  **З**

16	50	52	59	61	69	87	95	98	100

4. Екі көрші қосылғышты олардың қосындысымен алмастырып, қолайлы тәсілмен есепте.

$5 + 14 + 6$       |       $8 + 9 + 1$       |       $10 + 80 + 9$   
 $3 + 12 + 8$       |       $7 + 8 + 2$       |       $50 + 30 + 5$

5. Пішіндерді салыстыр.





6. Мектеп асханасына 50 кг ұн әкелінді. 4 кг ұннан самса, 6 кг ұннан тәтті күлше пісірілді. Асханада неше килограмм ұн қалды?


7.  $50 \text{ см} + 20 \text{ см}$  |  $70 \text{ дм} - 30 \text{ дм}$   
 $40 \text{ дм} - 10 \text{ дм}$  |  $60 \text{ см} + 40 \text{ см}$



## КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ КЕЗДЕСЕТІН КООРДИНАТОРЛАР СИСТЕМАСЫНЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ



1. Мекен жайға жетіп бару үшін қайсы жол дұрыс?



2. Дүкенге сату үшін 42 шаңғы мен шана әкелінді. Олардан 24-і шаңғы еді. Дүкенге неше шана алып келінген?

3. Ойла, ізде, тап!

### Жас көрермендер театрында

4-қатар	31	32	33	34		36	37	38	39	40
3-қатар	21		23	24	25	26	27	28	29	30
2-қатар	11	12	13	14	15	16		18	19	20
1-қатар	1	2	3		5	6	7	8		10

$$4. \quad \begin{array}{l} 55 \text{ см} + 25 \text{ см} \\ 64 \text{ дм} - 32 \text{ дм} \end{array} \quad \left| \quad \begin{array}{l} 48 \text{ дм} - 26 \text{ дм} \\ 49 \text{ см} + 21 \text{ см} \end{array} \right.$$

5. Қысқа жазу бойынша есеп құрастыр және оны шеш:  
 1- фермада – 30 сиыр  
 2- фермада ? 14 сиыр кем ) ?

6. Амалдарды түсіндіріп шеш:

$$\begin{array}{l} \textcircled{29} + \textcircled{\quad} = \textcircled{35} \\ \textcircled{42} - \textcircled{\quad} = \textcircled{37} \\ \textcircled{\quad} + \textcircled{23} = \textcircled{68} \end{array} \quad \begin{array}{l} \textcircled{\quad} - \textcircled{26} = \textcircled{31} \\ \textcircled{31} + \textcircled{\quad} = \textcircled{61} \\ \textcircled{\quad} - \textcircled{24} = \textcircled{26} \end{array}$$



7. Екі кесінді сыз. Бірінің ұзындығы 12 см, екіншісі одан 4 см қысқа болсын. Екінші кесіндінің ұзындығы қанша?

8. 
$$\begin{array}{r} 65 \\ + 25 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 55 \\ + 35 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 76 \\ + 24 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 37 \\ + 53 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 78 \\ + 17 \\ \hline \end{array}$$





1. Жас көрермендер театрына бірінші автобуста 35 оқушы, ал екінші автобуста одан 5 оқушы кем барды. Жас көрермендер театрына барлығы неше оқушы барған?
2. Амалдардың жауабын өсу тәртібімен жаз:



3. Қысқа жазу бойынша есеп құрастыр және оны шеш:  
 Шахмат үйірмесінде — 27 оқушы  
 Шашка үйірмесінде — ?, үш есе көп оқушы

4. Әрбір пішінде нешеуден үшбұрыш бар?



5. Амалдарды ыңғайлы тәсілмен шеш.  
1) 50 мен 7-нің қосындысынан 26-ны азайт.  
2) 40 пен 5-тің қосындысына 5-ті қос.



6. Кітап 18 бетті еді. Саидбек осы кітаптың 9 бетін оқып болды. Ол тағы неше бет оқуы керек?

7.	$62 + 8$	$56 - 36$	$57 + 3$	$46 + 4$
	$97 + 3$	$87 - 46$	$38 + 2$	$24 + 6$



1. Амалдардың жауабын тап.



$$65 + 25$$



$$32 - 5$$



$$48 + 5$$



$$57 - 26$$

2. Ташкентке ұшып келген бір ұшақта 50 саяхатшы, екінші ұшақта одан 4 саяхатшы кем ұшып келді. Екінші ұшақта қанша саяхатшы келген.

3.	$\begin{array}{r} + 37 \\ + 48 \\ \hline \end{array}$	$\begin{array}{r} + 65 \\ + 27 \\ \hline \end{array}$	$\begin{array}{r} + 39 \\ + 37 \\ \hline \end{array}$	$\begin{array}{r} + 76 \\ + 14 \\ \hline \end{array}$	$\begin{array}{r} + 53 \\ + 42 \\ \hline \end{array}$
----	---	---	---	---	---

4. Хайуанаттар бағында екі аквариумда балықтар бар. Олардың біреуінде 20 балық, екіншісінде бірінші аквариумдағыдан 5 балық кем. Екінші аквариумда неше балық бар?




?

5. Амалдарды түсіндіріп шеш:


$$\begin{array}{r}
 61 + 9 = \square\square \\
 \swarrow \quad \searrow \\
 29 + 32 = \square\square \qquad 70 - 40 = \square\square \\
 \swarrow \quad \searrow \qquad \swarrow \quad \searrow \\
 43 - 14 = \square\square \qquad 30 + 48 = \square\square \\
 \swarrow \quad \searrow \qquad \swarrow \quad \searrow \\
 38 + 5 = \square\square \qquad 78 - 40 = \square\square
 \end{array}$$

6. Әр көпбұрыштың нешеден қабырғасы, нешеден бұрышы, нешеден ұшы бар?


1)




2)



3)



4)



7. Түсіріп қалдырылған жұп сандарды жаз:  
18, 20, ..., ..., 26, ..., 30.

8. Амалдарды баған түрінде жазып, амалдарды орында:


$32 + 48$	$56 + 31$	$32 + 29$	$21 + 52$
$36 + 64$	$61 + 28$	$57 + 26$	$36 + 21$

## 100 ІШІНДЕ САНДАРДЫ ТАҢБАДАН ӨТІП АЙЫРУДЫҢ ЖАЗБА ӘДІСІ



1.

Амалдың шешілуін түсіндір:



$$42 - 5 = \square \square$$

$$42 - 5 = \square \square$$

$$\begin{array}{l} \swarrow \searrow \\ 2 \quad 3 \end{array}$$

$$42 - 5 = \underline{42 - 2} - 3 = (42 - 2) - 3 = 40 - 3 = 37$$

2. Амалдарды түсіндіріп шеш:

$$57 - 9 = \underline{57 - 7} - 2 = (57 - 7) - 2 = 50 - 2 = 48$$

$$\begin{array}{l} \swarrow \searrow \\ 7 \quad 2 \end{array}$$

$$65 - 7$$

$$\begin{array}{l} \swarrow \searrow \\ 5 \quad 2 \end{array}$$

$$87 - 9$$

$$\begin{array}{l} \swarrow \searrow \\ 7 \quad 2 \end{array}$$

$$42 - 6$$

$$\begin{array}{l} \swarrow \searrow \\ 2 \quad 4 \end{array}$$



$$97 - 8$$

$$\begin{array}{l} \swarrow \searrow \\ 7 \quad 1 \end{array}$$

3. Кітап сөресінің бірінші қатарында 37, ал екінші қатарында одан 3 кітап артық жайғасты. Сөренің екі қатарында барлығы неше кітап жайғасқан?



4. Пішіндердің нешеуден қабырғалары бар? Олардың атын айт. Өрбір пішіннің периметрін тап:






5.  $89 \text{ см} \square 8 \text{ дм } 9 \text{ см}$   
 $62 \text{ см} \square 6 \text{ дм } 2 \text{ см}$

$57 \text{ см} \square 5 \text{ дм } 7 \text{ см}$   
 $43 \text{ дм} \square 4 \text{ дм } 3 \text{ см}$



6. Амалдарды түсіндіріп шеш:



7. 63, 72, 86, 47 сандарын үлгіде көрсетілгендей қосындымен алмастыр:  $59 = 50 + 9$

8. Теңдік дұрыс болатындай сан қой:

$48 + \square = 53$

$85 - \square = 80$

$59 - \square = 50$

$39 + \square = 46$

$63 - \square = 60$

$23 - \square = 20$

$53 + \square = 62$

$79 - \square = 70$

$98 - \square = 90$



1. Амалдың шешімін түсіндір:  $42 - 15 = \square\square$

$42 - 15 = (42 - 10) - 5 = 32 - 5 = 27$





2. Амалдарды ыңғайлы тәсілмен шеш:

$52 - 14$

$32 - 17$

$63 - 26$



3. Саяхатқа екінші сыныптан 39 оқушы, ал үшінші сыныптан 9 оқушы аз барды. Саяхатқа үшінші сыныптан неше оқушы барған?
4. Сурет бойынша есеп құрастыр және оны шеш:



17 кг алма



11 кг кем

5. Тиісті жерлерге жақшаларды қойғанда нәтижеде дұрыс теңдік пайда болсын:

$$80 - 50 + 10 = 20$$

$$100 - 40 + 50 = 10$$

$$40 - 10 + 20 = 10$$

$$90 - 40 + 20 = 30$$

6. Дәптеріңе сыз және тік бұрышты анықта:

1)




2)



3)



4)



7. Тігіншілер бір күнде 32 катушка ақ жіп, одан 15 катушка қара жіп кем істетті. Бір күнде барлығы неше катушка жіп істетілген?

8.  $38 + 5$

$37 + 33$

$52 - 25$

$32 - 15$

$42 - 5$

$37 + 43$

$87 + 13$

$90 - 50$





## САНДАРДЫ АЗАЙТУДЫҢ БАҒАН ТӘСІЛІ



1. Амалдың шешілуін түсіндір:  $57 - 26 = \square\square$

Онд.	Бірл.
5	7
2	6
3	1

$$57 - 26 = (57 - 20) - 6 = 37 - 6 = 31$$

Амал баған түрінде жазылып, шешіледі.

1. Ондықтар ондықтардың астына, бірліктер бірліктердің астына жазылады.

2. Бірліктерден бірліктер азайтылады.

$$7 \text{ бірл.} - 6 \text{ бірл.} = 1 \text{ бірл.}$$

1 бірліктердің астына жазылады.

3. Ондықтардан ондықтар азайтылады.

$$5 \text{ онд.} - 2 \text{ онд.} = 3 \text{ онд.}$$

3 ондықтардың астына жазылады.



4. Жауабы: 57 мен 26-ның айырмасы 31-ге тең.

						5	7
						-	26
							31

2. 
$$\begin{array}{r} 47 \\ -16 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 75 \\ -32 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 42 \\ +14 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 87 \\ -13 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 62 \\ +16 \\ \hline \end{array}$$

3. Жүгіру жарысына 37 оқушы, ұзындыққа секіру жарысына одан 16 оқушы кем қатысты. Ұзындыққа секіру жарасына неше оқушы қатысқан?

4. Пішіндерді дәптеріңе сыз және атын жаз.



5. Базарға сату үшін 47 жәшік алма мен одан 13 жәшік кем шабдалы алып келінді. Базарға неше жәшік шабдалы алып келінген?

6. 
$$\begin{array}{r} 67 \\ -46 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 57 \\ -35 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 96 \\ -82 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 48 \\ -32 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 77 \\ -65 \\ \hline \end{array}$$





1. Амалдың шешілуін түсіндір:  $50 - 24 = \square\square$


$$50 - 24 = (50 - 20) - 4 = 30 - 4 = 26$$

1. Бірліктерден бірліктер азайтылады.  
0-ден 4-ті азайтуға болмайды. 5 ондықтан 1 ондық алынады (ұмытып кетпеу үшін 5 цифрының үстіне нүкте қойылады).  
1 ондық = 10 бірлік  
10 бірл. – 4 бірл. = 6 бірл.  
Бірліктердің астына 6 жазылады.
2. Ондықтардан ондықтар азайтылады.  
5 ондық бар еді, одан бірліктерді азайту үшін 1 ондықты алдық. 4 ондық қалды.  
4 онд. – 2 онд. = 2 онд.  
Ондықтардың астына 2 жазылады.
3. Жауабы: 50 мен 24-тің айырмасы 26-ға тең.

.	5	0
-	2	4
	2	6

2. 
$$\begin{array}{r} 70 \\ - 34 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 45 \\ + 23 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 80 \\ - 54 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 75 \\ + 15 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} 30 \\ - 14 \\ \hline \end{array}$$

3. Акбар мен Әнуар арасындағы қашықтық 57 м. Олардың әрбірі қарама-қарсы жаққа қарай 20 м-ден жүгіргеннен соң, олардың арасындағы қашықтық қанша болады?



4.

Азайғыш	30	40	60	70	50	80	90
Азайтқыш	16	15	27	36	34	56	48
Айырма							



5. Амалдарды үлгіде көрсетілгендей етіп шеш:

$$14 - 6 \square 12 - 8$$

$$8 > 4$$

$$14 - 6 > 12 - 8$$

$$38 + 5 \square 67 + 3 \quad 42 - 5 \square 42 - 15 \quad 25 + 13 \square 58 - 15$$



6. Дүкенде 80 сурет дәптер бар еді. Күн бойына 36 сурет дәптер сатылды. Дүкенде неше сурет дәптер қалған?

7. Жақшаларды қойғаныңда теңдік дұрыс болсын.

$$40 - 9 + 11 = 20$$

$$40 - 6 + 2 = 32$$

$$40 - 9 + 11 = 42$$

$$60 - 20 + 7 = 33$$



1. Амалдың шешілуін түсіндір:  $52 - 24 = \square \square$

Онд.	Бірл.
5	2
2	4
2	8

$$52 - 24 = (52 - 20) - 4 = 32 - 4 = 28$$


Амал баған түрінде жазылып, азайтылады.

- Бірліктерден бірліктер азайтылады.  
2 бірліктен 4 бірлікті азайтуға болмайды.  
5 ондықтан 1 ондық алынады (ұмытып кетпеу үшін 5 цифрының үстіне нүкте қойылады).  
1 ондық және 2 бірлік – бұл 12 бірлік  
12 бірл. – 4 бірл. = 8 бірл.  
Бірліктердің астына 8 жазылады.
- Ондықтардан ондық азайтылады.  
5 ондық еді, бірліктерді азайту үшін 1 ондықты алдық. 4 ондық қалды.  
4 онд. – 2 онд. = 2 онд. Ондықтардың астына 2 жазылады.
- Жауабы: 52 мен 24-тің айырмасы 28-ге тең.

.	5	2	
-	2	4	
	2	8	

$$\begin{array}{r} 2. \quad - 63 \\ \quad - 45 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} + 47 \\ \quad + 35 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} - 72 \\ \quad - 27 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} + 32 \\ \quad + 24 \\ \hline \end{array} \quad \begin{array}{r} - 80 \\ \quad - 59 \\ \hline \end{array}$$

3. Кесте негізінде есеп құрастыр және оны шеш:

Бар еді	Сатылды	Қалды
 50 қап күріш	түске дейін — 25 қап түстен кейін — 20 қап	? қап



4.  $80 + 15 \square 80 + 11$                        $30 - 7 \square 20 + 3$   
 $52 - 24 \square 50 - 24$                        $27 - 3 \square 27 + 3$

5. Әр бір пішіннің қабырғаларының ұзындығын өлше:



6. Амалдарды түсіндіріп шеш:

$$\begin{array}{l} 14 + 14 = \square\square \\ 68 - 54 = \square\square \\ 42 + 26 = \square\square \\ 79 - 37 = \square\square \end{array} \quad \begin{array}{l} 28 - 15 = \square\square \\ 13 - 0 = \square\square \\ 13 + 29 = \square\square \end{array}$$



7. Бір шаруашылықта бидай ору үшін 22, екінші шаруашылықта одан 14 комбайн кем істеді. Екінші шаруашылықта неше комбайн істеген?

8. Амалдарды баған түрінде жазып, амалдарды орында:

$$\begin{array}{r} 32 - 14 \\ 60 - 34 \end{array} \quad \begin{array}{r} 64 - 12 \\ 55 + 35 \end{array} \quad \begin{array}{r} 52 - 34 \\ 48 + 22 \end{array} \quad \begin{array}{r} 40 - 4 \\ 20 - 6 \end{array}$$



## АЙЫРМАНЫ ТАБУҒА ТИІСТІ ҚҰРАМДЫ ЕСЕПТЕР

1. Дүкенде 54 жұп әйелдер аяқкиімі, одан 7 жұп ерлер аяқкиімі кем сатылды. Неше жұп ерлер аяқкиімі сатылған?

2. Кесте негізінде берілген амалдарды шеш:

Азайғыш	58	77	64	52	50	70	63
Азайтқыш	32	13	26	24	24	34	45
Айырма							

3.  $43 + 8$                        $18 - 9$                        $32 - 7$                        $54 - 8$   
 $64 - 7$                        $16 - 9$                        $13 - 7$                        $73 - 9$

4. Керекті жерге жақшаларды қойғаныңда дұрыс теңдік пайда болсын:

$$80 - 50 + 10 = 20$$

$$100 - 40 + 50 = 10$$



$$40 - 10 + 20 = 10$$

$$90 - 40 + 20 = 30$$

$$50 - 7 + 3 = 40$$

$$50 - 22 + 8 = 20$$

5. Қалыптардағы үшбұрыштардың санын анықта?




6. Қоймада 42 қап жүгері бар еді. Түске дейін 5 қап, түстен кейін 4 қап жүгері дүкенге жөнетілді. Қоймада неше қап жүгері қалды?

7.  $42 - 2$                        $57 - 7$                        $27 + 2$                        $38 + 2$   
 $42 - 7$                        $57 - 9$                        $27 + 20$                        $38 + 20$

1. Амалдарды баған түрінде жазып, есепте:  
 $40 - 6$  |  $50 - 4$  |  $80 - 8$  |  $27 + 3$

2. Амалдарды түсіндіріп шеш:




3. Метроның бір вагонында 98 жолаушы бар. Олардың 48-і ер адам, қалғаны әйелдер. Осы вагонда неше әйел отыр?

4. Амалдарды баған түрінде жазып, есепте:.

$$\begin{array}{|l|l|l|l|} \hline 20 - 3 & 24 + 6 & 75 + 15 & 90 - 8 \\ \hline 36 + 4 & 40 - 6 & 55 + 25 & 80 - 9 \\ \hline \end{array}$$



5. 1-пішінде неше төртбұрыш, 2-пішінде неше үшбұрыш және төртбұрыш бар?



6. Қауынның ауырлығы 8 кг, ал қарбыздың ауырлығы одан 3 кг кем. Қарбыздың ауырлығы қанша?

7.  $(34 + 14) - 5$  |  $(40 - 30) + 8$  |  $(30 - 20) + 20$   
 $(28 - 18) + 9$  |  $(60 + 20) + 2$  |  $(70 - 10) + 30$



## УАҚЫТ БІРЛІКТЕРІ: САҒАТ, МИНУТ. УАҚЫТ, ҚАШЫҚТЫҚ ПЕН ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ТАБУҒА ТИІСТІ ЖАЙ ЕСЕПТЕР



1.



Сағаттың үлкен тілі минутты көрсетеді. Ол бір сызықтан екінші сызыққа дейін 1 минутта өтеді. Сағаттың кіші тілі сағаттың неше болғанын көрсетеді. Ол бір цифрдан екіншісіне дейін 1 сағатта өтеді.

**1 сағат = 60 минут.**



- 1) Сағат қай уақытты көрсетіп тұр?
- 2) Сағаттың үлкен тілі қай цифрды көрсетіп тұр?
- 3) Сағаттың кіші тілі қай цифрды көрсетіп тұр?


2. Амалдарды үлгі бойынша орында:

$$100 - 6 = 90 + (10 - 6) = 90 + 4 = 94$$

$$\begin{array}{r} \diagdown \quad \diagup \\ 90 \quad 10 \end{array}$$

$$100 - 7 \quad | \quad 100 - 4 \quad | \quad 100 - 9 \quad | \quad 100 - 8$$

3. Саяхатшы үш күнде қанша уақыт жол жүрген?



4. Дүкенде 100 дана шаңсорғыш бар еді. Күн бойына 9 шаңсорғыш сатылды. Дүкенде тағы неше шаңсорғыш қалды?



5. Велосипедшілер бәйгесінде Азиз белгіленген жерге 35 минутта, ал Абдулазиз 40 минутта жетіп келді. Азиз Абдулазизден неше минут алдын жетіп келген? Абдулазиз Азизден неше минут кейін жетіп келген?

6.  $100 - 5$  |  $83 + 17$  |  $80 + 20$  |  $40 + 60$   
 $100 - 3$  |  $90 + 10$  |  $50 + 50$  |  $70 + 30$



1. 1) Сағат қайсы уақытта көрсетіп тұрғанын айт:



- 2) Әрбір сағат 10 минуттан кейін қандай уақытты көрсететінін айт.

2.  $\begin{array}{r} 60 \\ - 24 \\ \hline \end{array}$      $\begin{array}{r} 32 \\ + 27 \\ \hline \end{array}$      $\begin{array}{r} 73 \\ - 45 \\ \hline \end{array}$      $\begin{array}{r} 58 \\ + 32 \\ \hline \end{array}$      $\begin{array}{r} 80 \\ - 54 \\ \hline \end{array}$


3. Аспаздық жарысында Насиба берілген тапсырманы 20 минутта, ал Гүлсара 25 минутта орындады. Насиба бұл тапсырманы Гүлсарадан неше минут алдын орындаған? Гүлсара бұл тапсырманы Насибадан неше минут кейін орындаған?

4. Амалдарды қолайлы тәсілмен есепте:

$40 + 30 + 9$  |  $50 + 20 + 7$  |  $30 + 20 + 8$   
 $20 + 20 + 4$  |  $80 - 40 + 5$  |  $90 - 70 + 2$



5. 1-ден 9-ға дейінгі болған 6 санды бос шеңбердің ішіне орналастырғанда әрбір қатар шеңберлерінің ішіндегі 4 сан қосындысы 20-ға тең болсын.



6.  $45 + 32$  |  $87 - 42$  |  $53 + 15$  |  $52 - 26$   
 $96 - 74$  |  $62 + 31$  |  $79 - 38$  |  $25 + 25$

7. Автобуста 30 жолаушы бара жатыр еді. Бекетте тағы 4 әйел мен 7 ер кісі шықты. Автобустағы жолаушылар нешеу болды?



1. Сағаттың моделінде сағат 1-ді, сағат 4-ті, сағат 7-ні көрсет. Соң сол уақыттан 5 минут, 15 минут, 20 минут, 3 минут өткенін көрсет.
2. Нәзира мектептен нан дүкеніне дейін 15 минут, ал нан дүкенінен мектепке дейін 8 минут жол жүрді. Нәзира үйден мектепке дейін қанша уақытта жетіп келген?



3.  $27 + 18$  |  $42 - 5$  |  $42 + 17$  |  $57 - 26$   
 $54 - 13$  |  $28 + 5$  |  $34 + 20$  |  $64 - 23$

4. Қысқа жазу бойынша есеп құрастыр және оны шеш:

Аспалы сағат - 18  
 Қол сағат - ? кем ) ? неше сағат



5. Сағат екі жарымды, он бес минут кем алтыны, сегізден отыз минут өткенін басқаша қалай айтуға болады?



6. Саяхатшылар поезда 3 сағат, ал машинада поезға қарағанда 4 сағат артық жол жүрді. Саяхатшылар барлығы неше сағат жол жүрген?







7.  $6 \text{ дм } 5 \text{ см} \square 65 \text{ см}$       |       $75 \text{ см} \square 7 \text{ дм } 5 \text{ см}$   
 $7 \text{ дм } 2 \text{ см} \square 72 \text{ см}$       |       $34 \text{ см} \square 3 \text{ дм } 4 \text{ см}$

### ҚАРАПАЙЫМ ПІШІНДЕРДІ КҮРДЕЛІ ПІШІНДЕРГЕ АЙНАЛДЫРУ ЖӘНЕ КЕРІСІНШЕ



1. Әр бір пішіннің нешеден қабырғасы және бұрышы бар? Пішіндердің атын жаз.



2. Сондай сандарды қойғанда теңдік дұрыс болсын:

$38 + \square = 43$

$42 - \square = 27$

$75 + \square = 90$

$42 - \square = 37$



$45 + \square = 68$

$50 - \square = 26$

3. Жаңа құрылған ғимараттың бірінші қабатында 26, екінші қабатында 28 бөлме бар. Екінші қабатында біріншісіне қарағанда неше бөлме көп?



4. Әр пішінде нешеден үшбұрыш бар?



5. Сандарды таңба бірліктерінің қосындысы түрінде өрнекте:  $29 = 20 + 9$ .

$53 = 50 + \square$

$42 = 40 + \square$

$32 = 30 + \square$


$87 = 80 + \square$

$15 = 10 + \square$

$57 = 50 + \square$



6. Қырқып алынған 4 үшбұрыштан 2 квадрат жаса.



7. Оқушылар мектептен демалыс саябағына бару мен қайтуға 40 минут жұмсады, бақтың өзінде балалар 20 минут серуендеді. Бұл серуенге барлығы қанша уақыт кеткен?



## ТІК ТӨРТБҰРЫШТЫҢ ҚАРАМА-ҚАРСЫ ҚАБЫРҒАЛАРЫНЫҢ МӘНДЕРІ



1.




Барлық бұрыштары тік болған төртбұрыш **тік төртбұрыш** деп аталады.

Тік төртбұрыштың қарама-қарсы қабырғалары бір-біріне тең болады.

Тік төртбұрыштың төрт ұшы төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар.

2.  $9 + 7$  |  $7 + 5$  |  $36 + 4 - 10$  |  $29 + 1 + 7$   
 $8 + 6$  |  $6 + 6$  |  $57 + 3 - 20$  |  $48 + 2 + 9$

3. Көпбұрыштардағы тік, одан үлкен және кіші бұрыштарды анықта:



4. Хауызда 9 үйрек жүзіп жүр еді. Тағы бірнеше үйрек келіп қосылғаннан кейін хауыздағы үйректер 14 болды. Неше үйрек келіп қосылған?
5. Амалдардың белгісін теңдіктер дұрыс болатындай етіп қой:

$40 \square 5 = 45$

$59 \square 9 = 50$

$80 \square 3 = 83$

$27 \square 7 = 20$

$60 \square 4 = 64$

$39 \square 9 = 30$




6. 1) 19, 29, 39, 49, 59, 69, 79, 89, 99 сандарынан кейін келетін көрші сандарды жаз;  
2) 90, 80, 70, 60, 50, 40, 30, 20, 10 сандарынан алдын келетін керші сандарды жаз.

7.  $8 + 8$  |  $9 - 7$  |  $37 + 3 - 5$  |  $22 + 8 + 4$   
 $9 + 5$  |  $7 + 6$  |  $46 + 4 - 2$  |  $57 + 3 + 5$



1. Сызбада неше квадрат, неше тік төртбұрыш бар? Дәптеріңе сыз және оны боя.



2. Төмендегі теңдік дұрыс болатындай етіп бос орынға сан қой.

$40 + \square = 42$

$38 - \square = 30$

$50 + \square = 53$

$29 - \square = 20$

$60 + \square = 63$

$37 - \square = 30$

3. Бір айна түзетуші 19 терезеге, екіншісі 13 терезеге айна қойды. Бірінші айна түзетуші екіншісіне қарағанда неше терезеге артық айна қойған?

4. Амалдарды баған түрінде жазып, есепте:

$52 - 24$	$48 + 32$	$56 - 31$	$29 + 32$
$67 + 23$	$69 - 29$	$48 + 22$	$84 - 63$



5. Әр бір пішінде нешеден санақ таяқшасы істетілген?



6. Түсіп қалған сандарды орнына қой.  $64 = 32 + 32$ :


$48 = 24 + \square\square$	$26 = \square\square + 13$	$68 = \square\square + 34$
$96 = 48 + \square\square$	$22 = \square\square + 11$	$50 = \square\square + 25$



 $4 \cdot (5 + 3)$  |  $(12 - 7) \cdot 5$  |  $(20 + 16) : 4$



1. Көлемі бірдей болған қалыптарды тап:




2. 1) Кітапханаға 9 хикая, одан 6 дана артық ертегі кітабы келтірілді. Кітапханаға барлығы болып неше кітап келтірілген?  
 2) Кітапханаға 9 хикая, одан 6 рет көп ертегі кітап келтірілді. Кітапханаға барлығы болып неше кітап келтірілген?
3. Қызыл түстегі таспаның үштен бір бөлігін, жасыл түстегі таспаның бестен бір бөлігін тап.







4. Әрбір пішіндегі квадрат сантиметрлерді сана. Әрбір пішіннің ауданы неге тең?



5. Амалдардың белгілерін теңдіктер дұрыс болатындай етіп қой:

$8 \square 4 = 32$

$6 \square 3 = 18$

$10 \square 2 = 20$

$8 \square 4 = 2$

$6 \square 3 = 2$

$10 \square 2 = 5$

$8 \square 4 = 12$

$6 \square 3 = 9$


$10 \square 2 = 12$

$8 \square 4 = 4$

$6 \square 3 = 3$

$10 \square 2 = 8$

6. Суретте қандай таныс пішіндерді көріп тұрсың? Бұл  $B$  нүктеде болған үшбұрыштарды және барша төртбұрыштарды жаз?



7. Тігінші 6 пальтоға 5-еуден және 9 костюмге 4-еуден түйме қадады. Тігінші барлығы болып неше түйме қадаған?

8.  $50 \text{ см} + 40 \text{ см}$

$80 \text{ мм} - 20 \text{ мм}$

$40 \text{ дм} - 30 \text{ дм}$


$60 \text{ мм} + 30 \text{ мм}$

$20 \text{ мм} + 20 \text{ мм}$

$70 \text{ см} - 50 \text{ см}$




# ҮШ ТАҢБАЛЫ САНДАРДЫ ЦИФРЛАУ. МЫҢДЫҚ




## ҮШ ТАҢБАЛЫ САНДАРДЫ ЦИФРЛАУ



1. 1) Бір ондықта неше бірлік бар?




10 бірлік




1 ондық

2) Екі жүзде неше ондық бар?




10 ондық



1 жүздік

3) Жүздіктерді сана:



100 ондық яки 10 жүздік

= 1  
МЫҢДЫҚ

1 жүздік — жүз	6 жүздік — алты жүз
2 жүздік — екі жүз	7 жүздік — жеті жүз
3 жүздік — үш жүз	8 жүздік — сегіз жүз
4 жүздік — төрт жүз	9 жүздік — тоғыз жүз
5 жүздік — бес жүз	10 жүздік — мың

Ондықтар – 100 (жүз), 200 (екі жүз), 300 (үш жүз), 400 (төрт жүз), 500 (бес жүз), 600 (алты жүз), 700 (жеті жүз), 800 (сегіз жүз), 900 (тоғыз жүз), 10 жүздік – 1000. Мың саны төмендегідей жазылады — 1000.

2. 4 жүздік, 1 ондық, 5 бірлік, 8 жүздік, 9 ондықтан құралған сандарды жаз.

3. Есептердің шешімін түсіндір:

$100 + 100 = 200$	$200 - 100 = 100$
$300 - 100 = 200$	$300 + 100 = 400$

Жүздіктер үстіндегі амалдар бірліктер және ондықтар үстіндегі амалдар сияқты орындалады.

4. Мектеп төңірегіне 90 терек пен шырша көшеттері отырғызылды. Егер шырша көшеттері 50 болса, неше терек көшеті отырғызылған?



5. Бос торкөздерді толтыр.

100			400				800	
-----	--	--	-----	--	--	--	-----	--



6. $300 + 200 - 100$	$500 - 100 + 200$
$600 - 300 + 200$	$400 + 200 - 300$

7. Дүкенге 200 жәшікте газды сусын келтірілді. Егер түске дейін 100 жәшіктегі газды сусын сатылған болса, тағы сатылатын неше газды сусын қалған?




1. Сандарды цифрларда өрнекте.

3 жүздік, 5 ондық және 8 бірлік;

5 жүздік, 8 ондық және 2 бірлік;

7 жүздік, 6 ондық және 5 бірлік.

2. Далада бір машинада 200 қап, екінші машинада да сонша қап пияз алып кетілді. Даладан екі машинада барлығы болып неше қап пияз алып кетілген?



4. Теңдік дұрыс болатындай етіп сан қой:

$$200 + \square\square = 220$$



$$670 - \square\square = 600$$

$$530 - \square\square = 500$$

$$400 + \square\square = 480$$



5. Әрбір пішіндегі квадрат сантиметрлерді санап, әрбір пішіннің ауданын тап.





6. Бағбан бір түп құрмадан 60 кг, екінші түп құрмадан бірнеше килограмм өнім алғаннан кейін өнім 100 кг болды. Бағбан екінші түптен неше килограмм құрма алған?

7. $53 + 47$	$(56 + 44) - 50$	$(62 + 38) + 10$
$76 + 24$	$(83 + 17) - 37$	$(54 + 46) + 20$



## ЖҮЗДІК, ОНДЫҚ ЖӘНЕ БІРЛІКТЕРДЕН САНДАРДЫ ПАЙДА ЕТУ



1. Кесте негізінде құрастырылған сандарды түсіндір және оларды оқы.

Жүздік	Ондық	Бірлік
 1	 2	 5

2. Кестедегі сандардан құрастырылған сандарды оқы және оларды дәптеріңе жаз.

Жүздер таңбасы	Ондықтар таңбасы	Бірліктер таңбасы
2	5	7
5	3	9
8	2	6
6	1	4

Бірліктер, ондықтар, жүздіктердің таңба бірліктері бірге бірінші сынып -бірліктер сыныбын құрайды.

10 бірлік - 1 ондық

1 жүздік - 100 бірлік

10 ондық - 1 жүздік

1 мыңдық - 1000 бірлік

10 жүздік - 1 мыңдық

1 мыңдық - 100 ондық

3. Бір қатарға бір таңбалы сандарды, екінші қатарға екі таңбалы сандарды, үшінші қатарға үш таңбалы сандарды өсу ретімен жаз:

18, 116, 62, 9, 6, 358, 469, 75, 8, 854, 96, 5.



4. Әрбір қатардағы сандарды оқы:

1	2	3	4	5	6	7
10	20	30	40	50	60	70
100	200	300	400	500	600	700

- а) сандардың таңба бірліктерін айт;

- б) әрбір бағандағы сандар несімен ұқсас, несімен ерекшеленеді?



5. Салыстыр:

200  300

500  500

700  600

400  900

600  300

400  700



6. Қабырғаларының ұзындықтарына қосындысы 80 мм болған квадрат сыз және оны боя.

7.  $400 + 200 - 100$

$700 - 200 + 100$

$600 - 300 + 100$

$200 + 200 - 100$



1. Сандарды цифрлармен жаз. Әрбір цифр нені білдіреді?

- 1) 2 жүздік, 8 ондық және 4 бірлік;
- 2) 8 жүздік, 5 ондық және 7 бірлік;
- 3) 5 жүздік, 9 ондық және 2 бірлік;
- 4) 9 жүздік, 6 ондық және 3 бірлік.



2. Төмендегі сандарды оқы және әрқайсы цифр нені білдіреді: 524, 859, 285, 126, 275?

100-ден 999-ға дейінгі болған сандар - үш таңбалы сандар.


3. Кесте негізінде есеп құрастыр және оны шеш.

Бар еді	Келтірілді	Болды
 100 м атлас	 Тағы 100 м атлас	? м



4. 895, 458, 763 сандарының әрбірінде барлығы болып неше жүздік, неше ондық, неше бірлік бар?

5. Шеңберге 1-ден 8-ге дейінгі сандарды біреуден қой, яғни квадраттың әрбір қатарындағы сандардың қосындысы 12-ге тең болсын.



6. Бір қатарға екі таңбалы, ал екінші қатарға үш таңбалы сандарды көшіріп жаз:

475, 83, 925, 604, 24, 354, 66, 524, 18.

7. Қабырғалары 30 см және 40 см болған тік төртбұрыштың периметрін тап.



## ҮШ ТАҢБАЛЫ САНДЫ ТАҢБА БІРЛІКТЕРІНІҢ ҚОСЫНДЫСЫ ТҮРІНДЕ БЕЙНЕЛЕУ



1. Сандарды таңба қосылғыштарының қосындысы түрінде көрсетуді түсіндір:

$$175 = 100 + 70 + 5$$

$$419 = 400 + 10 + 9$$

$$284 = 200 + 80 + 4$$

$$863 = 800 + 60 + 3$$

2. Амалдарды үлгі бойынша орында:

Үлгі:  $500 + 70 + 5 = 575$ .

$$400 + 30 + 4$$

$$600 + 80 + 9$$

$$800 + 90 + 3$$

$$300 + 30 + 7$$

$$200 + 60 + 2$$

$$500 + 50 + 1$$

$$100 + 70 + 5$$

$$700 + 20 + 8$$

$$900 + 40 + 6$$

3. Оңнан солға қарай бірлік қайсы орынға, ондықтар қайсы орынға және жүздіктер қайсы орынға жазылады?

4. Төмендегі сиқырлы квадраттарды толтыр.

○	○	170
○	150	160
130	○	120

○	○	140
○	150	○
160	110	180

135	120	195
○	150	○
○	○	165



5. Сандарды таңба қосылғыштарының қосындысы түрінде жаз: 153; 226; 345; 582; 738; 895



6.  $5 \text{ онд} + 4 \text{ онд}$  |  $7 \text{ жүз} + 1 \text{ жүз}$  |  $4 \text{ жүз} + 3 \text{ жүз}$   
 $6 \text{ жүз} + 2 \text{ жүз}$  |  $9 \text{ онд} + 1 \text{ онд}$  |  $3 \text{ онд} + 3 \text{ онд}$

7. Мектеп бағында 50 түп ағаш бар. Олардың 18 түбі алма, 17 түбі алмұрт, қалғандары өрік ағашы. Бақта неше түр өрік ағашы бар?



1. Амалдарды үлгіде көрсетілгендей шеш:

Үлгі:  $300 + 20 + 7 = 327$ .

$800 + 90 + 8$		$500 + 40 + 6$		$600 + 80 + 3$
$200 + 30 + 5$		$700 + 20 + 1$		$400 + 50 + 7$



2. Әрқайсы қатардағы «артықша» санды айт.

1) 284, 501, 624, 42, 712;

2) 86, 200, 14, 57, 96;

3) 815, 945, 726, 68, 438.

3. Дүкенде бір күнде 200 кг шекер сатылды. Содан соң дүкенде сатылғаннан 100 кг артық шекер қалды. Алғаш дүкенде неше килограмм шекер болған?

4. Машинада көрсетілген сандарды өсу ретімен жаз:



5. Үшбұрыштың периметрі 12 см. Оның бір қабырғасының ұзындығы 5 см-ге, екінші қабырғасының ұзындығы 3 см-ге тең. Үшбұрыштың үшінші қабырғасының ұзындығын тап.



6. Сандарды таңба бірліктерінің қосындысы түрінде өрнекте: 134, 172, 523, 675, 860, 792, 873, 951.

7. 3, 0, 5 цифрларынан пайдаланып, бірнеше үш таңбалы сан құрастыр және оны жаз.



## ҮШ ТАҢБАЛЫ САНДАРДЫ САЛЫСТЫРУ

1. 0, 1, 2 және 4, 5, 6 цифрларынан пайдаланып, олардың біреуін де қайталамай мүмкін болған барлық үш таңбалы сандарды жаз.

2. Сандардың салыстырылуын түсіндір:

$$295 > 259$$

$$295 < 529$$

$$295 > 254$$

$$295 < 376$$

$$295 = 295$$

$$295 < 925$$

Үш таңбалы сандар жүздіктер саны бойынша салыстырылады. Егер жүздіктер саны тең болса, ондықтар саны бойынша салыстырылады. Егер ондықтар саны да тең болса, бірліктер саны бойынша салыстырылады. Егер бірліктер саны да тең болса, мұндай сандар тең болады.



3. Амалдарды үлгі бойынша орында:  $482 > 328$ .

$$396 \square 369$$

$$825 \square 852$$

$$245 \square 245$$

$$248 \square 284$$


$$586 \square 568$$

$$471 \square 417$$

4. Бірінші түп шиесі ағашынан 48 кг, екінші ағаштан болса одан 36 кг кем шиесі алынды. Бірінші түптегі шиесі екінші түптен терілген шиесінен неше есе артық?



5. Берілген пішіннен 3 таяқшаны алғанда нәтижеде 5 квадрат болсын.



6. Екі кесінді сыз: бірінің ұзындығы 12 см, екінші кесінді бірінші кесіндінің төрттен бір бөлігіне тең болсын.



7. Салыстыр:

$214 \square 274$

$912 \square 713$

$465 \square 654$

$365 \square 158$

$564 \square 564$

$380 \square 308$



1. 1) Санақта 199 санынан кейін қайсы сан келеді? 999 санынан кейін ше?

- 2) Санақта 690 санынан алдын қайсы сан келеді? 1000 санынан алдын ше?



$399 \square 400$

$842 \square 824$

$248 \square 842$

$576 \square 567$

$575 \square 575$

$970 \square 907$

$284 \square 482$


$536 \square 627$

$821 \square 912$

3. Асханаға 100 кг пияз әкелінді. Бірінші күні оның екіден бір бөлігі, екінші күні үштен бір бөлігі жұмсалды. Асханада неше килограмм пияз қалған?



4. Сандарды өсіп бару тәртібімен орналастыр.



5. Таңба бірліктерінің қосындысын санмен өрнекте:

Үлгі:  $200 + 40 + 6 = 246$ .

$500 + 70 + 5$

$900 + 10 + 7$


$400 + 20 + 2$

$700 + 80 + 9$

$500 + 50 + 8$

$300 + 60 + 3$

6. Кесте негізінде есеп құрастыр және оны шеш.

	Бір костюмге кеткен мата	Костюмдер саны	Барлық костюмге кеткен мата
	4 метр	20 дана	?
	4 метр	?	80 метр
	?	20 дана	80 метр



7. 4 себетте 16 кг, 2 себетте 8 кг алма бар? Егер 4 себеттегі алмалар көп болса, олар 2 себеттегі алмалардан неше есе көп?



8.  $321 \square 156$

$561 \square 615$

$672 \square 672$

$432 \square 234$

$445 \square 542$

$263 \square 362$




# МЫҢ ІШИНДЕ АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБАША НӨМІРЛЕУ.

## ҰЗЫНДЫҚ ӨЛШЕМІ: КИЛОМЕТР




1. Мұнда таяқшалар нешеу? 1000 саны мынадай жазылады:



		1	0	0	0

10 жүздік - мың.

2. 1) 1 жүздікте неше ондық, неше бірлік бар?



1 жүздік



10 ондық

100 бірлік.

- 2) 1 мыңдықта неше жүздік, неше ондық, неше бірлік бар?

1 мыңдық =

10 жүздік



1 мыңдықта 10 жүздік, 100 ондық, мың бірлік бар.  
Мың саны төмендегідей жазылады: 1000




3. 1) 100-ден 1000-ға дейін 100-ден қосып сана;  
2) 497-ден 507-ге дейін, 768-ден 805-ке дейін, 989-дан 1000-ға дейін бірден қосып сана.

$$1 \text{ км} = 1000 \text{ м}$$


Үлкен қашықтықтар километрге дейін өлшенеді. «Кило» сөзі латынша болып, қазақша «мыңды» білдіреді. 1 километрде 1000 метр бар. Ара қашықтықты көрсеткенде сандардың жанына «километр» сөзі қысқаша «км» деп жазылады.

Мәселен, 2 км, 150 км, 500 км.

4. Екі ауылдың арасындағы ара қашықтық 25 км. Велосипедшілер бір-біріне қарап жолға түсті. Олардың бірі кездескенше 13 км жол жүріп өтті. Екінші велосипедші қанша жол жүрген?



5. Суреттегі пішіндерді дәптеріңе сыз және оларды боя.



6. Сандарды оқы: 185, 270, 472, 600, 785, 598, 999. Бұл сандардың әрбірінде неше жүздік, неше ондық, неше бірлік бар?



7. Нафиса 5 жаста. Атасы қызынан 8 есе үлкен. Атасы неше жаста?

8.  $47 + 43 - 20$       $78 - 20 + 12$       $97 - (28 + 12)$   
 $24 - 30 + 16$       $23 + 23 - 30$       $63 + (47 - 25)$






1. Төмендегі сандарды оқы, бұл сандардың әрбірінде неше жүздік, неше ондық, неше бірлік бар?

675, 448, 729, 931, 800, 867, 999, 1000.

2.



$$1\ 000 = 100 + \dots$$

$$1\ 000 = 200 + \dots$$

$$1\ 000 = 300 + \dots$$

$$1\ 000 = 400 + \dots$$

$$1\ 000 = 500 + \dots$$

$$1\ 000 = 600 + \dots$$

$$1\ 000 = 700 + \dots$$

$$1\ 000 = 800 + \dots$$


$$1\ 000 = 900 + \dots$$



3. 999-санынан 1-еу артық, 1000 санынан 1-еу кем санды айт.

Егер санның бірер таңбасында нөл тұрған болса, сан оқылғанда сол таңбаның аты түсіріліп қалдырылады, яғни оқылмайды.

4. Сандарды өсу ретімен орналастыр:



5. Үш санның қосындысы 968. Бірінші сан 468, екінші сан 332 болса, үшінші санды тап.



6. Сандарды өсу тәртібінде көшіріп жаз:


675, 448, 729, 995, 800, 997, 867, 999, 1000.

7. Дүкенге жүз велдосипед алып келінді. 6 күнде әр күні 9 велосипед сатылды. Сату үшін тағы қанша велосипед қалды?



## МЫҢДЫҚТАР, ЖҮЗДІКТЕР, ОНДЫҚТАР ЖӘНЕ БІРЛІКТЕР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС

1.



$$1000 = 999 + \dots$$

$$1000 = 998 + \dots$$

$$1000 = 997 + \dots$$

$$1000 = 996 + \dots$$

$$1000 = 995 + \dots$$

$$1000 = 994 + \dots$$

$$1000 = 993 + \dots$$

$$1000 = 992 + \dots$$

$$1000 = 991 + \dots$$

2. Бірінші қырмандағы салы 400 қап, ал екіншісіндегі 300 қап шығады. Әр екі қырмандағы барлық салы қанша қап болады?



3. Сандарды оқы: 645, 403, 800, 545, 999, 300.

1) Бұл сандардың әрбіреуінде неше бірлік бар?

2) Бұл сандардың әрбіреуінде неше ондық бар?

3) Бұл сандардың әрбіреуінде неше жүздік бар?

3 саны қатысқан сандарды жаз.

Ондықтар таңбасында 4 цифры қатысқан санды жаз.





4. Түсіп қалған сандарды қойып, амалдарды көшіріп жаз:

$730 = \square\square \text{ онд.}$

$564 = \square\square \text{ онд. } \square \text{ бірл.}$

$890 = \square\square \text{ онд.}$

$495 = \square\square \text{ онд. } \square \text{ бірл.}$

$280 = \square\square \text{ онд.}$

$328 = \square\square \text{ онд. } \square \text{ бірл.}$



5. 5, 0, 8 цифрларының жәрдемінде неше үш таңбалы сан жазуға болады?

508, 580, 805, 850....

6. Сурет негізінде есеп құрастыр және оны шеш.



7. Бір ұста бір күнде 14 орындық жинайды. 3 ұста 6 күнде неше орындық жинайды?

8. Сандарды цифрлармен өрнекте.

Үлгі: 5 жүздік, 6 ондық және 3 бірлік = 563.

8 жүздік 5 ондық және 2 бірлік;

5 жүздік 3 ондық және 4 бірлік;

7 жүздік 6 ондық және 3 бірлік;

9 жүздік 1 ондық және 5 бірлік.






- 1) Ең үлкен үш таңбалы сан: 999.  
2) Бұл санға 1-ді қосамыз:  $999 + 1$ .  
3) Нәтижеде төрт таңбалы сан пайда болады.
2. Кестеде жазылған сандарды оқы және оны дәптеріңе жаз.

Мыңдықтар таңбасы	Жүздіктер таңбасы	Ондықтар таңбасы	Бірліктер таңбасы
1	0	0	0
	5	6	7
	4	0	9
	8	4	1

3. 672, 394, 289, 963, 495 сандарын таңба қосылғыштарының қосындысы түрінде көшіріп жаз.  
Үлгі:  $567 = 500 + 60 + 7$ .
4. Екі қала арасындағы қашықтық 150 км. Бұл қалалардан бір-біріне қарап екі машина жолға шықты. Бірінші машина 60 км, екінші машина 70 км жол жүргеннен соң олардың арасында қанша қашықтық қалады?



5. Бірінші кесіндінің ұзындығы 80 см, екінші кесіндінің ұзындығы біріншісінен 16 см қысқа. Екі кесінді ұзындықтарының қосындысын тап.
6. Шахноза 248 бетті кітаптың 124 бетін оқыды. Ол тағы да кітаптың неше бетін оқуы керек?



## 1000 САНЫ. 1000 АРАСЫНДА ҚОСУ МЕН АЗАЙТУДЫҢ ЕСЕПТЕУ ТӘСІЛДЕРІ



1. Амалдарды түсіндіріп шеш.

1)  $70 + 50 = \square\square\square$

7 ондық + 5 ондық = 12 ондық = 120 бірлік.  
Демек:  $70 + 50 = 120$ .

2)  $140 - 60 = \square\square$

14 ондық + 6 ондық = 8 ондық = 80 бірлік.  
Демек:  $140 - 60 = 80$ .

3)  $200 + 600 = \square\square\square$

2 жүздік + 6 жүздік = 8 жүздік = 80 бірлік.  
Демек:  $200 + 600 = 800$ .

4)  $900 - 400 = \square\square\square$

9 жүздік - 4 жүздік = 5 жүздік = 500 бірлік.  
Демек:  $900 - 400 = 500$ .

5)  $270 + 60 = \square\square\square$

27 ондық + 6 ондық = 33 ондық = 330 бірлік.  
Демек:  $270 + 60 = 330$ .

6)  $420 - 60 = \square\square\square$

42 ондық - 6 ондық = 36 ондық = 360 бірлік.  
Демек:  $420 - 60 = 360$ .

Қосу мен азайтуда нөлдермен аяқталатын жүздік пен ондықтарды, ондықтар мен бірліктер үстіндегі амалдармен алмастыру керек.

$$2. \quad 400 + 100 \quad | \quad 80 + 60 \quad | \quad 500 + 400 \quad | \quad 270 + 60$$

$$700 - 300 \quad | \quad 90 - 30 \quad | \quad 300 - 200 \quad | \quad 240 - 70$$

3. Қамбадан дүкендерге барлығы неше килограмм көкөністер жөнелтілген?



4. Сандарды салыстыр.

$276 \square 438$

$843 \square 263$

$348 \square 245$

$325 \square 483$

$438 \square 903$

$576 \square 576$

5. Кәсіпорында 426 әйел мен 314 еркек жұмысшы істейді. Кәсіпорында барлығы неше жұмысшы істейді?



$$6. \quad 90 + 50 \quad | \quad 160 - 70 \quad | \quad 300 + 400 \quad | \quad 200 + 60$$

$$80 - 40 \quad | \quad 280 + 50 \quad | \quad 900 - 500 \quad | \quad 700 - 70$$

7. Базарға 865 кг сәбіз әкелінді. Бірінші күні 342 кг, екінші күні 326 кг сәбіз сатылды. Сатылатын қанша сәбіз қалды?





1. Амалдарды түсіндіріп шеш:

1)  $360 + 30 = \square\square\square$


$$360 + 30 = 300 + (60 + 30) = 300 + 90 = 390$$



Демек:  $360 + 30 = 390$ .

2)  $580 - 70 = \square\square\square$

$$580 - 70 = 500 + (80 - 70) = 500 + 10 = 510.$$




Демек:  $580 - 70 = 510$ .

2. $620 + 50$		$580 - 30$		$270 + 200$
$250 + 30$		$150 + 40$		$560 - 300$

3. Бір махалла мен екінші махалла арасындағы қашықтық 270 км, ал екінші махалла мен үшіншісінің арасы одан 20 км артық. Бірінші махалла мен үшінші махалланың арасы неше километр?

4. Суреттегі пішіндердің аудандарын салыстыр:



5. 3 шақты 5 жәрдемінде 2 санын қалай құрастыруды білесің бе?



6.  $530 + 40$  |  $680 - 400$  |  $130 + 50$  |  $260 + 100$   
 $790 - 60$  |  $290 + 300$  |  $420 - 20$  |  $340 - 200$

7. Салиманың атасы 72 жаста. Салима атасынан 8 есе жас. Салима неше жаста?



1. 1)  $460 + 40 = \square\square\square$

$$460 + 40 = 400 + (60 + 40) = 400 + 100 = 500.$$



2)  $580 - 400 = \square\square\square$

$$580 - 400 = (500 - 400) + 80 = 100 + 80 = 180$$




2.  $340 + 60$  |  $230 - 30$  |  $590 + 200$  |  $340 - 200$   
 $870 + 30$  |  $940 + 50$  |  $680 - 400$  |  $420 + 200$


3. Дүкенге сату үшін 9 жәшікте мәуелі шәрбат алып келінді. Егер әрбір жәшікте 10-нан шәрбат болса, барлығы неше шәрбат алып келінген?



4. Амалдарды түсіндіріп жаз:



5. Есептерді түсіндіріп шеш:



6.  $490 + 200$  |  $580 - 300$  |  $260 + 40$   
 $540 - 100$  |  $270 + 400$  |  $350 - 50$

7. Үйді жөндеу үшін бірінші күні 24, екінші күні бірінші күндегіден 6 артық, үшінші күні бірінші және екінші күні бірге қанша болса, сонша тақта әкелінді. Үшінші күні қанша тақта әкелінген?



1. Амалдардың шешімін түсіндір:

**1-тәсіл:**

1)  $420 + 90 = 42 \text{ ондық} + 9 \text{ ондық} = 51 \text{ ондық} = 510 \text{ бірлік} = 510.$

**2-тәсіл:**

$$420 + 90 = (420 + 80) + 10 = 500 + 10 = 510$$

80 10

2) **1-тәсіл:**

$420 - 90 = 42 \text{ ондық} - 9 \text{ ондық} = 33 \text{ ондық} = 330 \text{ ондық} = 330$

**2-тәсіл:**

$$420 - 90 = (420 - 20) - 70 = 400 - 70 = 330$$

20 70

2. 280 + 30	430 - 50	590 + 40	960 - 70
320 - 40	270 + 60	750 - 70	680 + 50

3. Бұл пішіндердің арасында төрт бұрыштар көп пе немесе тік төртбұрыштар көп пе? Олардың ұштарын әріптермен белгіле:



4. Оқытушы оқушыларға 29 бір сызықты дәптер және сонша торкөзді дәптер таратты. Содан соң оқытушыда 12 дәптер қалды. Алғаш оқытушыда неше дәптер болған?



5. 37, 36, 45, 48, 54, 81 сандарының қайсы бірі 9-ға қалдықсыз бөлінеді?



6. 658 <input type="checkbox"/> 654	527 <input type="checkbox"/> 158	480 <input type="checkbox"/> 480
427 <input type="checkbox"/> 472	314 <input type="checkbox"/> 341	570 <input type="checkbox"/> 507

7. 24 метр матадан халат тігу үшін үштен бір бөлігі қырқып алынды. Неше метр мата қырқып алынған?



1. Амалдың шешімін түсіндір:

$$\begin{array}{r}
 230 + 160 = \square\square\square \\
 \begin{array}{cc} \diagdown \quad \diagup \\ 200 \quad 30 \end{array} \quad \begin{array}{cc} \diagdown \quad \diagup \\ 100 \quad 60 \end{array}
 \end{array}$$

$$230 + 160 = (200 + 100) + (30 + 60) = 390.$$


Жүздіктер жүздіктерге, ондықтар ондықтарға қосылады.



2.	$140 + 130$		$340 + 250$		$560 + 230$
	$260 + 120$		$420 + 170$		$750 + 210$

3. Қожалықтан диірменге 240 кг бидай, 120 кг арпа алып келінді. Диірменге барлығы болып неше килограмм дән алып келінген?

4. Мынадай бес бұрыштарды сыз. Бірінші бесбұрышта бір кесінді өткізгенде, бір үшбұрыш және бір төртбұрыш пайда болсын, ал екіншісінде екі төртбұрыш пайда болсын.



5. Сандарды таңба қосылғыштарының қосындысы түрінде жаз: 243, 175, 586, 891, 998, 794.



6. Сандарды қойғанда теңдік пен теңсіздіктер дұрыс болсын.

$50 \text{ мм} = \square \text{ см}$

$4 \text{ дм} < \square \square \text{ см}$

$80 \text{ мм} = \square \text{ см}$

$8 \text{ см} = \square \square \text{ мм}$

$60 \text{ мм} = \square \text{ см}$

$5 \text{ дм} > \square \square \text{ см}$

7. Наубайханада бір күнде 150 дана майлы нан және 120 пәтір нан жабылды. Наубайханада барлығы неше дана нан пісірілді?





1. Амалдарды түсіндіріп шеш:

$$\begin{array}{r} 470 \\ \swarrow \quad \searrow \\ 400 \quad 70 \end{array} - \begin{array}{r} 250 \\ \swarrow \quad \searrow \\ 200 \quad 50 \end{array} = \square\square\square$$


$$470 - 250 = (400 - 200) + (70 - 50) = 200 + 20 = 220$$

Жүздіктер жүздіктерден, ондықтар ондықтардан азайтылады.

2.  $350 - 230$  |  $560 - 300$  |  $690 - 460$   
 $270 - 140$  |  $480 - 250$  |  $870 - 540$

3. Азық-түлік дүкеніне сату үшін 560 қорап қара және көк шай келтірілді. Олардан 250 қорабы қара шай болса, неше қорап көк шай келтірілген?

4. Сызба негізінде есеп құрастыр және оны шеш.




5.  $480 - 200$  |  $240 - 120$  |  $350 - 230$   
 $570 - 320$  |  $690 - 430$  |  $760 - 650$

6. Балмұздақ дүкенінде бірінші күні 140 дана, екінші күні одан 30 дана артық, ал үшінші күні екінші күнге қарағанда 16 дана артық балмұздақ сатылды. Үшінші күні неше балмұздақ сатылған?




## ШЕҢБЕРДІҢ ОРТАЛЫҒЫ РАДИУСЫ, ДИАМЕТРІ. ЦИРКУЛЬ

1.



Суретте шеңбер бейнеленген.  $NL$  – шеңбердің радиусы,  $KM$  – шеңбердің диаметрі болады. Дөңгелек циркульмен сызылады. Циркульдің инесі тұрған  $O$  нүкте дөңгелектің орталығы деп аталады.  $OC$  – дөңгелектің радиусы,  $BC$  – дөңгелектің диаметрі болады.

2.



Әдетте нүктелерді латын алфавитінің бас әріптерімен белгілейді. Мәселен:  $A$  және  $B$  нүкте шеңбердің ішінде,  $C$  және  $D$  нүктелер шеңбердің сыртында жатады.

3. Бір орамда 40 м шыт мата бар еді. Көрпеге 20 м, жастыққа 10 м шыт мата қырқып алынды. Енді орамда неше метр шыт мата қалды?

4. Теңдеулердің шешімін түсіндір:

$$12 : x = 2$$

$$x = 12 : 2$$

$$x = 6$$

$$12 : 6 = 2$$

$$2 = 2$$

$$20 : x = 2$$

$$x = 20 : 2$$

$$x = 10$$

$$20 : 10 = 2$$

$$2 = 2$$

5. Радиусы 4 см болған дөңгелек сыз.

6.  $46 - 16 + 19$

$53 + 17 - 20$

$(69 - 68) \cdot 9$

$(38 - 38) \cdot 1$

$27 \cdot (75 - 74)$


$15 \cdot (12 - 11)$



1. Радиусы 2 см 7 мм-ге тең болған дөңгелек сыз. Дөңгелек орталығын әріппен белгіле.






2. Пішінде нүктелер латын әліппесінде бас әріптермен белгіленген. Шеңберден тыс тұрған нүктелерді, шеңбердің ішіне тұрған нүктелерді айт.



3. Балықшылар бір күні 210 кг, екінші күні 180 кг балық аулады. Балықшылар сол екі күнде барлығы неше килограмм балық аулаған?

4.	$630 + 260$	$470 - 240$	$370 + 210$
	$580 - 310$	$260 + 120$	$280 - 150$
	$270 + 130$	$740 - 310$	$180 + 120$

5. Дөңгелектердің радиусын өлше.




6. Жауабы 111, 222, 333, 444, 555, 666, 777, 888 және 999 болған амалдар құрастыр және оларды жаз.

7. Бақша егіндерінен үзілген қиярларды 72 килограммы 8 кг-нан етіп, 54 килограммы 6 кг-нан етіп жәшіктерге жайғасты. Қиярлар барлығы неше жәшікке жайғасқан?





1. Суретті қарап шық. Шеңбердің радиусы неге теңдігін өлше және жаз.  $A$  және  $B$  нүктелері арасындағы қашықтық қанша? Нүктелердің қайсылары шеңбер ішінде; шеңберден тыс; дөңгелекте жатыр. Оларды айт.




2. Радиусы 2 см 5 мм-ге тең болған, орталығы дәптер сызықтарының қиылысқан нүктесінде болған дөңгелекті циркуль жәрдеміңде сыз. Оны 4-ке тең бөлікке бөл. Бір бөлігін боя.
3. Дүкенде бір күнде 270 кг картоп сатылды. Содан кейін 120 кг картоп қалды. Алғаш дүкенде неше килограмм картоп болған?
4. Кесте негізінде есеп құрастыр және оны шеш.

Бар еді	Алып келінді	Қалды
 120 велосипед	 Тағы 120 велосипед	?



5. 5, 10, 15, 20, 25, 30, 35 сандарын әрбір шеңберге біреуден орналастыр, яғни әрқайсы бағыттағы үш санның жиындысы 50, 60, 70 шықсын.




6.  $564 \square 546$  |  $341 \square 291$  |  $658 \square 658$   
 $283 \square 227$  |  $457 \square 475$  |  $529 \square 592$



## ЕКІ ШЕҢБЕРДІҢ ТЕГІСТІКТЕ ӨЗАРА ОРНАЛАСУЫ

1. Екі шеңбердің жазықтықта өзара орналасуын түсіндір.



2. Кесте негізінде берілген амалдарды шеш.

+  = 1000									
	910	920	930	940	950	960	970	980	990

3. Дүкенде бірінші күні 20 кг, екінші күні 16 кг артық конфет сатылды. Егер әрбір құтыда 3 кг-нан конфет болса, екінші күні неше құты конфет сатылған?

4. Амалдарды шеш:

$$\textcircled{100} + \textcircled{\quad} = \textcircled{400}$$

$$\textcircled{570} - \textcircled{\quad} = \textcircled{500}$$

$$\textcircled{\quad} - \textcircled{200} = \textcircled{500}$$

$$\textcircled{\quad} + \textcircled{90} = \textcircled{290}$$

$$\textcircled{400} + \textcircled{\quad} = \textcircled{700}$$

$$\textcircled{960} - \textcircled{\quad} = \textcircled{900}$$

5. Радиусы 3 см 8 мм-ге тең болған дөңгелек сыз. Дөңгелек орталығын әріппен белгіле.




6. Әнуар мен Акбар бассейінде бір-біріне қарап жүзді. Әнуар ұшырасқанға дейін 27 м, ал Акбар досынан 5 м қысқа қашықтыққа жүзді. Алғаш олардың арасындағы ара қашықтық неше метр болған?

- |    |           |             |             |
|----|-----------|-------------|-------------|
| 7. | $599 + 1$ | $320 + 320$ | $190 - 140$ |
|    | $999 + 1$ | $180 + 220$ | $480 - 320$ |
|    | $898 + 1$ | $560 + 230$ | $770 - 560$ |



1. Шеңбердің радиусы неге тең екендігін өлше. Шеңберге тиісті нүктелерді айт.



2. Тігіншілік шеберханасында бір жылда 540 костюм тігілуі керек еді. Бірінші жарты жылда 370, екінші жарты жылда 220 костюм тігілді. Жылдық жоспар қанша артығымен орындалды?



3. Сандарды салыстыр.

$156 \square 261$	$212 \square 165$	$564 \square 465$
$912 \square 893$	$847 \square 248$	$750 \square 750$




4. Сандарды таңба бірліктері түрінде жаз:

$160 = 100 + \square\square$	$760 = 700 + \square\square$	$990 = 900 + \square\square$
$240 = 200 + \square\square$	$650 = 600 + \square\square$	$830 = 800 + \square\square$

5. 8 см ұзындықта кесінді сыз. Бұл кесіндінің  $\frac{1}{2}$  бөлігін боя. Қанша ұзындықтағы кесінді боялды?

6. Әрқайсы пішіннің ауданын квадрат сантиметр модельдері жәрдемінде тап:



7.  $630 + 120$        $680 - 450$        $240 + 150$   
 $460 - 250$        $570 + 230$        $350 - 240$



## ҚҰРАМДЫ ЕСЕПТЕР

- Дүкенде бір күнде 104 кг күріш, 40 кг маш, 36 кг ноқат сатылды. Дүкенде бір күнде неше килограмм дән сатылған?
- Теңдіктер дұрыс болатындай сан қой:  
 $430 + \square\square = 500$        $790 - \square\square = 700$   
 $570 - \square\square = 500$        $640 + \square\square = 690$   
 $600 + \square\square = 680$        $990 - \square\square = 900$
- 3 шақты 5 цифры жәрдемінде 0 санын құрай аласың ба?
- Ділназаның атасы 81 жаста. Ділназа атасынан 9 есе жас. Ділназа неше жаста?
- Қатарды жалғастыр:  
 100, 150, 200, .... (800 дейін).  
 200, 230, 260, .... (300 дейін).  
 910, 920, .... (1000 дейін).





6. Үшбұрыштың бір бұрышы қыркылса, неше бұрыш пайда болады? Жауабыңды сызбада негіздеп бер.



7. Салыстыр:

$353 \square 432$

$543 \square 543$

$619 \square 196$

$823 \square 832$

$227 \square 721$

$154 \square 154$




1. Далада 156 кг сәбіз, одан 64 кг артық картоп қазып алынды. Алқаптан барлығы неше килограмм сәбіз қазып алынған?

2. Сандарды өсу ретімен көшіріп жаз.

592, 431, 199, 576, 823, 472, 896, 997, 1000, 768, 349, 286, 698.



3. Торкөздердің санын санау арқылы пішіндердің аудандарын салыстыр:



1. Қайсы пішіндердің беті ең үлкен?

2. Қайсы пішіндердің беті ең кіші?

3. Қайсы пішіндердің беті бір-біріне тең?

4. Теңдеулерді шеш:

$$58 + x = 97 \quad 45 : x = 9 \quad x \cdot 6 = 36$$



5. Азизада 21 санақ таяқшалары бар еді. Ол бірнеше квадрат жасағаннан соң 1 таяқша артып қалды. Азиза неше квадрат жасаған?



6. Бір бағанға сандардың қосындысы, екінші бағанға сандардың айырмасын жаз. Бұл санды өрнектердің мәнін тап:  $440 + 150$ ,  $410 + 410$ ,  $760 - 500$ ,  $640 - 400$ ,  $990 - 230$ ,  $510 + 220$ ,  $660 + 330$ .


7. Егер  $a = 280$  болса,  $790 - a$ ,  $a - 120$  өрнектің мәнін тап.



1. Амалдарды шеш:

$510 + 220$	$770 - 320$	$160 + 240$
$640 - 340$	$420 + 250$	$490 - 280$


2. Екі қаладан бір-біріне қарап автобус пен жеңіл машина жолға шықты. Кездескенше автобус 80 км, жеңіл машина одан 40 км артық жол жүрді. Қалалар арасындағы қашықтықты тап.



3. Цистернада 89 литр сүт бар еді. Одан әрбіріне 9 литрден етіп 9 бидонға сүт құйылды. Цистернада неше литр сүт қалды?



- Тік төртбұрыш төртке тең бөлікке бөлінді. Оның төрттен бір бөлігі қызыл, қалған бөлігі жасыл реңге боялды. Тік төртбұрыштың қанша бөлігі жасыл реңге боялған?
- Қосындысы 100 болған сандардың жұбын тап: 35, 27, 44, 88, 65, 12, 56, 73.
- Үш санның қосындысы 100 болған сандарды тап: 21, 15, 55, 71, 66, 38, 13, 14, 15, 43, 19, 30.
- Жауабы 1000 шығуы үшін қай жақтан жүру керек. Есептеуді дұрыс орында.



- Таңертең дүкенде 760 метр шәйі бар еді. Күн соңына келіп 160 метр шәйі қалды. Қалғанына қарағанда неше метр артық шәйі сатылған?

- Амалдарды шеш:

$$620 + 300$$

$$560 - 300$$

$$680 + 210$$

$$850 - 500$$

$$340 + 150$$


$$760 - 340$$



## САННЫҢ БӨЛІМІН ЖӘНЕ БӨЛІМГЕ ҚАРАЙ САНДЫ ТАБУ. БӨЛІМДЕРДІ САЛЫСТЫРУ



1. 1) Таспа ұзындығының жартысын тап.




Шешу:  $12 : 2 = 6$  (см).

Жауап: 6 см.


Санды екіге бөлгенде пайда болған сан сол санның екіден бір бөлігі немесе жартысы деп аталады.

2) Таспа ұзындығының үштен бір бөлігін тап.



Санды үшке бөлгенде пайда болған сан сол санның үштен бір бөлігі делінеді.

3) Таспаның ұзындығының төрттен бір бөлігін тап.



Санды төртке бөлгенде пайда болған сан сол санның төрттен бір бөлігі немесе ширегі делінеді.

2. 20 + 19	90 – 50	57 + 32	100 – 9
48 + 10	58 – 50	57 – 32	100 – 47

3. Кітап 80 бетті. Сардар бұл кітаптың төрттен бір бөлігін оқып шықты. Сардар кітаптың тағы да неше бетін оқуы керек?
4. Амалдарды түсіндіріп шеш.

$$56 - 16 = \square\square$$

$$8 \cdot 7 = \square\square$$

$$40 : 4 = \square\square$$

$$72 : 9 = \square$$

$$10 \cdot 9 = \square\square$$

$$40 + 32 = \square\square$$

$$90 - 18 = \square\square$$



5. Егер қарбыздың жартысы 4 кг болса, бүтін қарбыз неше килограмм?



6.  $35 : 7 \square 35 : 5$  |  $28 : 4 \square 30 : 5$  |  $4 \cdot 6 \square 9 \cdot 7$   
 $42 : 6 \square 49 : 7$  |  $30 : 6 \square 45 : 9$  |  $8 \cdot 8 \square 7 \cdot 4$

7. Асқабақтың үштен бір бөлігі 2 кг. Бүтін асқабақтың өзі неше килограмм?




1. Доптардың жалпы саны 12 болса:

1) доптардың жартысы қанша?



2) доптардың үштен бір бөлігі қанша?



3) доптардың төрттен бір бөлігі қанша?




2. Жақшаларды қойғанда нәтиже берілген санға тең болсын:

$$15 - 7 + 3 = 5$$


$$58 - 17 - 9 = 50$$

$$40 - 12 - 2 = 30$$

3. Амалдарды түсіндіріп шеш:



4. Жауабы 200 шығуы үшін қай жақтан жүру керек? Есептеуді дұрыс орында.




5. Берілген кесіндінің үштен бір бөлігі 4 см. Берілген кесіндінің ұзындығын тап және оны сызбада көрсет.



6.	$(38 - 28) \cdot 9$	$75 - 57 + 24$	$35 : (37 - 30)$
	$(91 - 88) \cdot 8$	$41 - 29 + 12$	$54 : (26 - 20)$
	$(67 - 60) \cdot 7$	$21 + 29 - 10$	$81 : (19 - 10)$

7. Азиз өлеңнің жартысын жаттады. Егер ол 12 қатар өлеңді жаттаған болса, бұл өлең неше қатар болған?





## ӨТКЕНДЕРДІ ПЫСЫҚТАУ ҮШІН ЖАТТЫҒУЛАР

1. Амалдарды орында. Өрнектердің бір-біріне байланысты екендігін анықта:

$$3 \cdot 8 = 24$$

$$24 : 3 = \square$$

$$24 : 8 = \square$$

$$5 \cdot 6 = 30$$

$$30 : 5 = \square$$

$$30 : 6 = \square$$

$$9 \cdot 2 = 18$$

$$18 : 9 = \square$$

$$18 : 2 = \square$$

2. Мектеп шеберханасында 28 орындық, одан 4 есе кем үстел жөнделді. Барлығы неше орындық пен үстел жөнделген?



3. Түстерге қарап амалдардың жауабын тап:

100 + 100	72 : 8	9 · 8	420 – 20
300 – 100	200 + 100	64 : 8	7 · 9
9 · 9	500 – 100	200 + 20	500 + 80

4. 24 метр жібек матадан көйлек тігу үшін үштен бір бөлігі қырқып алынды. Неш метр жібек мата қырқып алынған?



5.  $LM$  түзу сызық  $ABC$  үшбұрыштың бірінші пішінде қайсы қабырғаларын, екінші пішінде қайсы қабырғаларын қиып өткен?




6. Жаңа құрылған ғимараттың бірінші қабатында 27, екінші қабатында 29 бөлме бар. Екінші қабатында біріншіге қарағанда неше бөлме көп?



7.  $240 \square 180$  |  $185 \square 158$  |  $382 \square 382$   
 $567 \square 657$  |  $478 \square 487$  |  $259 \square 529$



8. Әрбір пішіндегі квадраттарды санап, пішіндердің ауданын тап:



9. Сабырда 20 санақ таяқшасы бар еді. Бірнеше жеке үшбұрыш жасағаннан соң 2 таяқша артып қалды. Сабыр неше үшбұрыш жасаған?



10. Теңдеулерді шеш:

$$42 + x = 79 \quad | \quad x \cdot 2 = 12 \quad | \quad 4 \cdot x = 32 \quad | \quad x : 5 = 8$$

11. Спорт жарысына 26 ұл бала мен 10 қыз бала қатысуда. Олар 9 адамнан топтарға бөлінді. Балалар неше топқа бөлінген?

12. Түстерге қарап есептердің жауабын тап:

$43 + 24$	$2 \cdot 9$	$27 : 3$	$74 + 26$
$75 - 25$	$64 + 30$	$3 \cdot 6$	$18 : 3$
$24 : 3$	$58 - 27$	$42 + 28$	$3 \cdot 5$

13. Қысқа жазу бойынша есеп құрастыр және оны шеш:

1) Бар еді — 9 тікұшақ

Ұшып кетті — ? тікұшақ

Қалды — 5 тікұшақ

2) Бар еді — 15 л сүт

Жұмсалды — 4 л және 3 л сүт

Қалды — ? л сүт

14. Төмендегі теңдік дұрыс болатындай етіп бос орынға сан қой.

$$250 + \square\square = 290$$

$$680 - \square\square = 600$$

$$900 + \square\square = 950$$


$$530 - \square\square = 500$$

$$460 + \square\square = 500$$

$$370 - \square\square = 300$$

15. Бір қала мен екіншісінің арасындағы қашықтық 120 км, ал екінші қала мен үшіншісінің арасы одан 30 км артық. Бірінші қала мен үшінші қаланың арасы неше километр?

16. Екі таяқшаның орнын нәтижеде 5 бір түрлі квадрат пайда болатындай етіп ауыстыр.



17. Сурет және қысқа жазу бойынша есеп құрастыр және оны шеш:



Бар еді – 10 конфет  
Желінді – 3 және 2  
Қалды – ? конфет

I тәсіл                      II тәсіл  
 $\square\square - (\square + \square)$      $(\square\square - \square) - \square$


18. Сандарды цифрлармен жаз.

4 жүздік, 5 ондық және 2 бірлік.

5 жүздік, 8 ондық және 6 бірлік.

8 жүздік, 2 ондық және 9 бірлік.

19. Суретте берілген пішіндерді салыстыр:



20. Өрнектерді жаз және олардың мәнін тап:

- 1) 4 және 8, 3 және 9, 4 және 5 сандарының көбейтіндісі;
- 2) 36 және 4, 27 және 3, 28 және 4 сандарының бөліндісі.

21. Дүкенде бір күнде 140 кг шекер сатылды. Содан кейін дүкенде 60 кг шекер қалды. Таңертең дүкенде қанша шекер болған?

22.  $(17 + 11) : 4$     |     $(67 - 43) : 3$     |     $(77 - 41) : 4$   
 $(58 - 31) : 3$     |     $(18 + 14) : 4$     |     $(11 + 10) : 3$

23. Әрбіреуі 4 килограммнан 6 құты конфет сатып алынды. Алынған барша конфеттің салмағы қанша?

24. Бір бағанға сандардың қосындысын, екінші бағанға сандардың айырмасын жаз. Бұл санды өрнектің мәнін тап:

$100 + 28$ ,  $500 - 300$ ,  $400 + 60$ ,  $800 - 400$ ,  
 $380 + 40$ ,  $650 - 50$ .

25. Самолёт мекенге жету үшін тағы қанша қашықтықты ұшып өтуі керек?




26. Қабырғалары 4 см 5 мм және 2 см 4 мм тік төртбұрыш сыз. Оның ұштарын әріптермен белгіле.

27.  $32 : 8 \square 72 : 9$     |     $9 \cdot 8 \square 7 \cdot 6$     |     $49 : 7 \square 7 \cdot 7$   
 $54 : 6 \square 40 : 5$     |     $6 \cdot 6 \square 4 \cdot 9$     |     $45 : 9 \square 5 \cdot 9$

28. Өрнектердің мәнін тап:

- 1) 40 пен 10-ның бөліндісін 9 есе арттыр;
- 2) 8 бен 5-тің көбейтіндісін 4 есе кеміт.

29. 1, 2, 3, 4, 5, 6 сандарының арасына арифметикалық амалдарды және жақшаларды қой, яғни нәтижеде 60 пайда болсын.

30.  Ұлы бабамыз Әл-Хорезми 783 жылы, Әбу Әли ибн Сина 980 жылы туылған. Әл-Хорезми Әбу Әли ибн Синадан неше жас үлкен? Әбу Әли ибн Сина Әл-Хорезмиден неше жас кіші?

31. Кесте негізінде есеп құрастыр және оны шеш.

Бар еді	Алып келінді	Болды
 100 дана өрік жәшігі	 Тағы 50 жәшік өрік	? та

32. Ойланған санды  $x$  әрпімен белгіле және теңдеу құрастырып шеш:
- 1) Ойланған санға 30-ды қосып, 58 пайда болды. Қандай сан ойланған?
  - 2) Ойланған саннан 25-ті азайтып, 45 пайда болды. Қандай сан ойланған?
33. Амалдардың белгілерін теңдіктер дұрыс болатындай етіп қой:
- $$30 \square 17 = 47 \quad | \quad 48 \square 26 = 22 \quad | \quad 69 \square 69 = 0$$
- $$54 \square 24 = 30 \quad | \quad 47 \square 41 = 88 \quad | \quad 23 \square 20 = 3$$
34. Үш санның қосындысы 100. Бірінші сан 55, екінші сан 25. Үшінші санды тап.
35. Қосу мен азайтудың дұрыс орындалғанын қалай тексеруге болады?

## МАЗМҰНЫ

1-сыныпта өткен материалдарды қайталау және қорытындылау.....	3	Қосу және азайту амалдарының құрамды бөліктері мен нәтижелері арасындағы өзара байланыс.....	55
Қосынды мен айырманы табуға тиісті жай амалдар .....	3	Санды өрнектер. Теңдеулер. Геометриялық қалыптар және үлкендіктер .....	58
Мәні бірдей болған амалдар.....	5	Бірнеше тең (бірдей) қосылғыштардың қосындысы.....	61
Қосуды тексеру.....	9	Санның бірнеше тең қосылғыштар қосындысы түрінде өрнектеу.....	61
Азайтуды тексеру.....	10	Жай және құрамды есептерді шешу .....	62
Тік бұрыш. Тік бұрыш болмаған бұрыш .....	11	Әріпті өрнектер.....	63
Көпбұрыштың периметрі .....	13	Геометриялық пішіндерді белгілеу.	67
Сандар мен есептеулер. 100 ішінде ондықтан өтіп қосу және азайту ..	16	Теңдеу. Теңдіктерді таңдау әдісімен шешу .....	69
Сандар өсі мен оның модельдері .	16	Көбейту және бөлу. Геометриялық пішіндер мен үлкендіктер .....	75
100 ішінде сандарды таңбадан өтіп қосу тәсілдері .....	19	Көбейту. Көбейтудің мағынасы.....	75
Жай және құрамды есептерді шешу .....	22	Көбейту амалы компоненттерінің аталуы.....	79
Екі таңбалы сандардың ондық құрамы.Сандарды қосудың баған тәсілі.....	26	Әрбір амал компоненттері мен нәтижелері арасында өзара байланыстар.....	80
Үлгі бойынша тізбектілікті жалғастыру .....	32	Бөлу. Бөлу амалының мағынасы... 82	
Күнделікті өмірде кездесетін координаторлар системасының модельдері .....	34	Тең бөліктерге бөлу. Жинақтың бөлігі.....	85
100 ішінде сандарды таңбадан өтіп айырудың жазба әдісі.....	38	Көбейту және бөлу амалымен шешілетін есептер.....	86
Сандарды азайтудың баған тәсілі .	41	Көбейту және бөлу амалдары арасындағы байланыс .....	89
Айырманы табуға тиісті құрамды есептер .....	45	Есептерді кесте тәсілінде шешу ....	90
Уақыт бірліктері: сағат, минут. Уақыт, қашықтық пен жылдамдықты табуға тиісті жай есептер .....	47	Белгісіз көбейткішті табу .....	92
Қарапайым пішіндерді күрделі пішіндерге айналдыру және керісінше.....	50	Белгісіз бөлінгішті табу.....	95
Тік төртбұрыштың қарама-қарсы қабырғаларының мәндері.....	51	Миллиметр .....	97
Квадрат .....	53	0, 1, 10 сандарын қатыстырып көбейту және бөлу.....	98

10 санын қатыстырып көбейту және бөлу.....	101	Пішіндерді салыстыру және бояу. Бөлімдері бойынша пішінді жасау және бөліктерге ажырату.....	144
Жақшалы және жақшасыз мәндер	103	Бөлінгіш, бөлгіш, бөлінді және қалдықты сыздада өрнекте.....	147
Жақшалы және жақшасыз өрнектерде амалдарды орындау тәртібі.....	104	Тік төртбұрыш пен квадраттың көлемі.....	153
Кестенің ішінде көбейту және бөлу.....	107	Жүз бірліктері: квадрат сантиметр, белгіленуі — кв. см (см <sup>2</sup> ).....	155
2 санын бір таңбалы санға көбейту, 2-ге бөлу және бөліндіде 2 шығатын санға бөлу.....	107	Торкөзді қағазда сызылған қалыптардың көлемі.....	157
3 санын бір таңбалы санға көбейту және 3-ке бөлу.....	110	Үш таңбалы сандарды цифрлау. Мыңдық.....	162
4 санын бір таңбалы санға көбейту және 4-ке бөлу.....	116	Үш таңбалы сандарды цифрлау..	162
5 санын бір таңбалы санға көбейту және 5-ке бөлу.....	118	Жүздік, ондық және бірліктерден сандарды пайда ету.....	165
6 санын бір таңбалы санға көбейту және 6-ға бөлу.....	120	Үш таңбалы санды таңба бірліктерінің қосындысы түрінде бейнелеу.....	168
7 санын бір таңбалы санға көбейту және 7-ге бөлу.....	122	Үш таңбалы сандарды салыстыру..	170
8 санын бір таңбалы санға көбейту және 8-ге бөлу.....	124	Мың ішінде ауызша және жаз- баша нөмірлеу.....	173
9 санын бір таңбалы санға көбейту және 9-ға бөлу.....	126	Ұзындық өлшемі: километр.....	173
Құрамды есептер.....	128	Мыңдықтар, жүздіктер, ондықтар және бірліктер арасындағы өзара байланыс...	176
100 ішінде көбейту және бөлу.....	130	1000 саны. 1000 арасында қосу мен азайтудың есептеу тәсілдері.....	179
Бір таңбалы сандарды көбейту кестесі.....	131	Шеңбердің орталығы радиусы, диаметрі. Циркуль.....	187
Бір таңбалы сандарды бөлу кестесі.....	132	Екі шеңбердің тегістікте өзара орналасуы.....	190
Үлестер, геометриялық қалыптар және үлкендіктер.....	133	Құрамды есептер.....	192
Санның үлесі.....	133	Санның бөлімін және бөлімге қарай санды табу. Бөлімдерді салыстыру.....	196
Санның бөлшегін сөздер немесе сандар көмегінде бейнелеу	134	Өткендерді пысықтау үшін жаттығулар.....	199
Берілген шарттар негізінде есеп құрастыру және шешу.....	135		
Проблемалық есептер.....	139		
Геометриялық пішіндер: квадрат, тік төртбұрыш, үшбұрыш, шеңбер және олармен байланысты көлемдер..	142		

NABIYA ABDURAHMONOVA, LOLA O'RINBOYEVA

## MATEMATIKA

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining  
2-sinfi uchun darslik

*Tuzatilgan va to'ldirilgan to'rtinchi nashri*

(Qozoq tilida)

Toshkent – «Yangiyo'l Poligraf Servis» – 2018

Баспанын лицензиясы AI № 185 10.05.2011

Аударған – Д. Бектаева  
Редакторы – Г. Нишанова  
Техникалык редакторы – М. Рықсиев  
Корректоры – Г. Амирқызы  
Суретші – Ж. Азимов

Басуға \_\_.\_\_.2018 рұқсат берілді.  
Пішіні 70x90<sup>1/16</sup>. Офсеттік басылымы. «AriAl» гарнитурасы.  
Шартты б.т. 15,21. Баспа т. 13,0.  
\_\_\_\_\_ . \_\_\_\_\_ -тапсырыс.

«Yangiyo'l Poligraf Servis» ЖШС баспаханасында басылды.  
112001, Ташкент облысы, Янгийул қаласы, Самарқант көшесі, 44-үй.

## Жалға берілген оқулықтың жағдайы көрсететін кесте

Р/с	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

**Оқулық жалға беріліп, оқу жылының соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кесте сынып жетекшісі тарапынан төмендегідей бағалау мөлшерлеріне негізделіп толтырылады:**

Жаңа	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барша парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазу және сызықтар жоқ.
Орташа	Мұқаба езілген, әжептәуір сызылып, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралу жағдайы бар, пайдаланушы тарапынан өңделген, кейбір беттеріне сызылған.
Нашар	Мұқабаға сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған яки мүлдем жоқ, нашар жөнделген, өңделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.





Page

Page